

Ноутбук ДК пайдаланушы нұсқаулығы

© Copyright 2010 Hewlett-Packard
Development Company, L.P.

Bluetooth белгісі – Hewlett-Packard
Company компаниясының лицензия
бойынша пайдаланатын сәйкес иесінің
сауда белгісі. Windows және Windows
Microsoft Corporation корпорациясының
АҚШ мемлекетінде тіркелген сауда
белгілері. SD Logo белгісі – оның иесінің
сауда белгісі.

Осы құжат қамтитын ақпарат алдын ала
ескертусіз өзгертілуі мүмкін. HP өнімдері
мен қызметтеріне барлық кепілдіктер
аталған өнімдер мен қызметтерге
тіркелетін осы кепілдіктер туралы
анықтамаларда белгіленген. Осы құжатта
берілген ешбір мәліметті қосымша
кепілдік ретінде түсіндіруге болмайды. HP
осы құжаттағы техникалық немесе
басылған не түсіп қалған қателер үшін
жауапты болмайды.

Бірінші басылым: Наурыз, 2010 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі: 597890-DF1

Өнім ескертпесі

Пайдаланушы нұсқаулығы көптеген
модельдерге бірдей болатын
мүмкіндіктерін сипаттайды. Кейбір
мүмкіндіктер компьютеріңізде жұмыс
істемеуі мүмкін.

Қауіпсіздік ескертпелері

- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Күйік алу қатерін азайту және компьютерді қызып кетуден сақтау үшін, оны тізеге қоймаңыз немесе ауа желдеткішінің саңылауларын бітемеңіз. Компьютерді тек қатты және тегіс бетте пайдаланыңыз. Жақын жерде тұрған принтер сияқты қатты заттардың немесе жастық, кілем не киім сияқты жұмсақ заттардың ауа келу жолдарын бітеуіне жол бермеңіз. Компьютермен жұмыс істеу кезінде айнымалы ток адаптерінің дене немесе жастық, кілем немесе киім сияқты жұмсақ заттармен қатынасуына да жол бермеңіз. Компьютер мен айнымалы ток адаптері ақпараттық құралдар аумағында қолданылатын (IEC 60950) құрылғы қауіпсіздігі бойынша халықаралық стандарттармен анықталған пайдаланушыларға арналған шектелген бет температурасы талаптарына сәйкес болуы қажет.

Мазмұны

1 Мүмкіндіктер	1
Аппаратты анықтау	1
Бөліктер	2
Жоғарғы бөліктері	2
TouchPad	2
Шамдар	3
Түймешік пен үндеткіштер	4
Пернелер	5
Оң жақтағы бөліктер	6
Сол жақтағы бөліктер	7
Төменгі бөліктер	8
Дисплей бөліктері	9
Сымсыз антенналар	9
Қосымша аппараттық бөліктер	11
Жапсырмалар	12
2 Сымсыз құрылғылар, жергілікті желі және модем	13
Сымсыз құрылғыларды қолдану	13
Сымсыз және желі күйінің белгішелерін анықтау	14
Сымсыз басқару элементтерін пайдалану	14
Сымсыз әрекет пернесін пайдалану	14
HP Wireless Assistant бағдарламалық құралын пайдалану	15
Амалдық жүйе басқару элементтерін пайдалану	15
WLAN құрылғысын қолдану	16
WLAN желісін орнату	16
WLAN желісін қорғау	17
WLAN желісіне қосылу	18
Басқа желіге роуминг	18
Bluetooth сымсыз құрылғыларын пайдалану (тек таңдаулы модельдерде)	19
Bluetooth және Интернетке қосылуды ортақ пайдалану (ICS)	19
Сымсыз қосылым ақаулықтарын жою	20
WLAN желісіне қосылу мүмкін емес	20
Қажет желіге қосылу мүмкін емес	21
Желі белгішесі көрсетілмейді.	21

Ағымдағы желі қауіпсіздік кодтары да қол жетімді емес	21
WLAN қосылымы өте жай	22
Сымсыз жол жоспарлағышына қосылу мүмкін емес	22
Модемді пайдалану (тек таңдаулы модельдерде)	24
Модем кабелін қосу	24
Арнайы мемлекеттік модем кабелі адаптерін қосу	25
Орын параметрлерін таңдау	25
Ағымдағы орын таңдауын қарап шығу	25
Саяхат кезінде жаңа орналасуларды қосу	26
Саяхат қосылым ақаулықтарын шешу	28
Жергілікті желіге қосылу	29
3 Меңзегіш құрылғылар және пернетақта	31
TouchPad панелін қосу және өшіру	32
TouchPad құрылғысын пайдалану	32
TouchPad әрекеттерін пайдалану	32
Жылжу	33
Қысу	33
Бұру	34
Меңзегіш құрылғының басымдықтарын орнату	34
пернетақтаны пайдалану	35
Пернетақталарды пайдалану	37
Қосымша сыртқы сандық пернетақтаны қолдану	37
TouchPad панелін және пернетақтаны тазалау	39
4 Мультимедиа	40
Мультимедиа мүмкіндіктері	40
Мультимедиалық бөліктерді анықтау	41
Дыбысты реттеу	42
Медиа белсенділігі функцияларын қолдану	43
Медиа белсенділігі әрекет пернелерін қолдану	43
Мультимедиа бағдарламалық құралдары	44
CyberLink PowerDVD бағдарламалық құралын қолдану	44
Басқа да алдын ала орнатылған мультимедиа бағдарламалық құралын пайдалану	44
Мультимедиа бағдарламалық құралдарын дискіден орнату	44
Аудио	45
Сыртқы аудио құрылғыларын қосу	46
Аудио функцияларын тексеру	46
Бейне	47
HDMI құрылғысын қосу (тек таңдаулы модельдерде)	48
Аудио құрылғысын HDMI үшін теңшеу (тек таңдаулы модельдерде)	49
Оптикалық жинақтағыш диск	50

Веб-камера (тек таңдаулы модельдерде)	51
Веб-камера туралы кеңестер	51
Веб-камера сипаттарын реттеу	52
Ақаулықтарды жою	53
Оптикалық жинағыш диск ықшам диск, DVD немесе BD дискілерін шығару үшін ашылмайды.	53
Дискі автоматты түрде ойнатылмайды	53
DVD киносы тоқтайды, өткізіп жібереді немесе тұрақсыз ойнатылады	54
DVD киносы сыртқы дисплейде көрінбейді	54
Дискіні көшіру үрдісі басталған жоқ немесе аяқталмас бұрын тоқтатылды	54
Windows медиа ойнатқышында ойнатылатын DVD диск ешбір дыбыс шығармайды немесе көрсетілмейді	55
Құрылғы драйверін қайта орнату қажет.	55
Ең соңғы HP құрылғы драйверлерін алу	55
Ең соңғы Windows құрылғы драйверлерін алу	57
5 Қуатты басқару	58
Қуат параметрлерін орнату	58
Қуатты үнемдеу күйлерін пайдалану	58
Ұйқы күйін қосу және одан шығу	59
Күту күйін қосу және одан шығу	59
Батарея санауышын пайдалану	60
Қуат жоспарын пайдалану	60
Ағымдағы қуат жоспарын қарап шығу	60
Өртүрлі қуат жоспарын таңдау	60
Қуат жоспарын теңшеу	61
Оянғанда құпия сөзбен қорғауды орнату	61
Сыртқы айнымалы ток қуатын пайдалану	62
Айнымалы ток адаптерін қосу	63
Айнымалы ток адаптерін тексеру	64
Батарея қуатын пайдалану	65
Батарея ақпаратын анықтама және қолдау бөлімінен табу	65
Батареяны тексеруді қолдану	65
Қалған батарея зарядын көрсету	66
Батареяны кірістіру немесе жою	66
Батареяны зарядтау	67
Батареяның тауысылу уақытын ұлғайту	68
Төмен батарея деңгейлерін басқару	68
Төмен батарея деңгейлерін анықтау	68
Төмен батарея деңгейін шешу	69
Сыртқы қуат қол жетімді болғанда төмен батарея деңгейін шешу	69
Зарядталған батарея қол жетімді болғанда төмен батарея деңгейін шешу	69

Ешқандай қуат көзі қол жетімді болмағанда төмен батарея деңгейін шешу	69
Компьютер күту күйінен шыға алмайтын кезде төмен батарея деңгейін шешу	69
Батареяны тексеруден өткізу	69
1-қадам: Батарея толығымен зарядтау	69
2-қадам: Күту күйін және ұйқы күйін ажырату	70
3-қадам: Батарея зарядының тауысылуы	71
4-қадам: Батарея толығымен қайта зарядтау	71
5-қадам: Күту күйін және ұйқы күйін қайта қосу	72
Батарея қуатын үнемдеу	72
Батареяны сақтау	72
Қолданылған батареяны тастау	73
Батареяны ауыстыру	73
Компьютердің жұмысын аяқтау	74

6 Дискілер 75

Дискілерді ұстау	75
Оптикалық жинақтағыш диск	77
Орнатылған оптикалық жинақтағыш дискіні анықтау	77
Оптикалық жинақтағыш дискіні қолдану	78
Дұрыс дискіні (ықшам дискілер, DVD және BD дискілері) таңдау	79
CD-R дискілері	79
CD-RW дискілері	79
DVD±R дискілері	79
DVD±RW дискілері	79
LightScribe DVD+R дискілері	80
Blu-ray дискісі (BD)	80
Ықшам дискіні, DVD немесе BD дискілерін ойнату	80
Авто ойнатуды теңшеу	82
DVD дискінің аймақтық параметрлері	82
Авторлық құқықтар туралы ескертулерді бақылау	83
Ықшам дискіні, DVD немесе BD дискілерін көшіру	83
Ықшам дискілерді немесе DVD дискілерін жасау (жазу)	84
Ықшам дискіні, DVD немесе BD дискілерін шығару	86
Сыртқы дискілерді пайдалану	86
Қатты диск өнімділігін жақсарту	88
Дискіні дефрагментациялауды пайдалану	88
Дискіні тазалауды пайдалану	88
Қатты дискіні ауыстыру	89

7 Сыртқы құрылғылар және сыртқы медиа карталары 93

USB құрылғысын пайдалану	93
--------------------------------	----

USB құрылғысын жалғау	93
USB құрылғысын шығару	94
Сандық медиа ұяшығының карталарын пайдалану	95
Сандық картаны енгізу	95
Сандық картаны шығарып алу	96
8 Жад модулін қосу немесе ауыстыру	97
9 Қауіпсіздік	100
Компьютерді қорғау	100
Құпия сөздерді пайдалану	101
Windows жүйесінде құпия сөздерді орнату	101
Орнату утилитасына құпия сөздерді орнату	102
Әкімші құпия сөзі	102
Әкімші құпия сөзін басқару	103
Әкімші құпия сөзін енгізу	103
Қосылғандағы құпия сөз	103
Қосылғандағы құпия сөзді басқару	104
Қосылғандағы құпия сөзді енгізу	104
Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану	105
Қалқан бағдарламалық құралын пайдалану	105
Критикалық қауіпсіздік жаңартуларын орнату	106
Қосымша қауіпсіздік кабелін орнату	106
Қосымша А Орнату утилитасы (BIOS)	107
Орнату утилитасын бастау	107
Орнату утилитасын пайдалану	108
Орнату утилитасының тілін өзгерту	108
Орнату утилитасында шарлау және таңдау	108
Жүйе ақпаратын көрсету	109
Орнату утилитасында әдепкі параметрлерді сақтау	109
Орнату утилитасынан шығу	110
Орнату утилитасы мәзірі	110
Негізгі мәзір	110
Қауіпсіздік мәзірі	110
Жүйе теңшелімі мәзірі	111
Диагностикалау мәзірі	111
Қосымша В Бағдарламалық құралды жаңартулар	113
BIOS нұсқасын жаңарту	114
BIOS нұсқасын анықтау	114
BIOS жаңартуын жүктеп алу	115
Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту	117

Қосымша С Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру	118
Қалпына келтіру дискілерін жасау	119
Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау	120
Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану	121
Жүйені қалпына келтіру межелерін пайдалану	122
Бастапқы қалпына келтіру нүктелерін жасау уақыты	122
Жүйені қалпына келтіру нүктесін жасау	122
Алдыңғы күнге және уақытқа дейін қалпына келтіру	122
Қалпына келтіруді жүзеге асыру	123
Қалпына келтіру дискілерін пайдалану арқылы қалпына келтіру	123
Қалпына келтіруге арналған бөлімнен қалпына келтіру (тек таңдаулы модельдерде)	123
Индекс	125


1 Мүмкіндіктер

Аппаратты анықтау

Компьютерде орнатылған аппараттардың тізімін көру үшін

- ▲ **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) тармақтарын таңдаңыз. Одан кейін **Система** (Жүйе) аймағында **Диспетчер устройств** (Құрылғылар реттеушісі) параметрін таңдаңыз.


Сондай-ақ құрылғылар реттеушісін қолдану арқылы аппаратты немесе құрылғы теңшелімдерін қосуға болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows® амалдық жүйесі компьютердің қауіпсіздігін жақсарту үшін пайдаланушы есептік жазбасын басқару мүмкіндігін қамтиды. Бағдарламалық құралды орнату, қызметтік бағдарламаларды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін, рұқсатыңыз немесе құпия сөзіңіз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпаратты Анықтама және қолдау орталығынан қараңыз.

Бөліктер

Жоғарғы бөліктері

TouchPad





Бөлік	Сипаттама
(1) TouchPad өшіру көрсеткіші	<ul style="list-style-type: none">• TouchPad аймағы белсенді болғанда, шамдар өшіріледі.• TouchPad аймағы белсенді емес болғанда, шамдар сары болады.• Белсенді және белсенді емес күй арасында ауыстыру үшін, TouchPad өшіру көрсеткішін екі рет тез нұқыңыз.
(2) TouchPad аймағы	Меңзерді жылжытады және экрандағы элементтерді таңдайды немесе белсендіреді.
(3) Сол жақ TouchPad басқару элементі	TouchPad басқару элементі түймешігінің сол жағын сыртқы тінтуірдегі сол жақ түймешікті қолданатын сияқты пайдаланыңыз.
(4) Оң жақ TouchPad басқару элементі	TouchPad басқару элементі түймешігінің оң жағын сыртқы тінтуірдегі оң жақ түймешікті қолданатын сияқты пайдаланыңыз.

TouchPad құралының оң жақ ұясында белгіленбеген айналдыру аймағы бар. TouchPad тігінен айналдыру аймағын қолданып жоғары және төмен айналдырыңыз, TouchPad құралының оң жақ ұясы бойынша саусағыңызды жоғары не төмен сырғытыңыз.

TouchPad мүмкіндіктері туралы қосымша ақпаратты [TouchPad құрылғысын пайдалану 32-бетте](#) бөлімінен қараңыз.


Шамдар


 **ЕСКЕРІМ:** Компьютеріңіз осы бөлімде көрсетілгеннен аздап басқаша көрінуі мүмкін.



Бөлік	Сипаттама
(1) TouchPad панелін өшіру шамы	<ul style="list-style-type: none">Өшірулі: TouchPad қосылған.Сары: TouchPad ажыратылған. <p>Touchpad панелін қосу және өшіру үшін, Touchpad панелін өшіру шамын екі рет тез нұқыңыз.</p>
(2) Caps Lock шамы	Қосулы: Caps lock қосулы.
(3) Қуат шамы	<ul style="list-style-type: none">Қосулы: Компьютер қосулы.Жыпылықтау: Компьютер ұйқы күйінде.Өшірулі: Компьютер өшірулі немесе күту күйінде.
(4) Сымсыз байланыс шамы	<ul style="list-style-type: none">Ақ: Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы және/немесе Bluetooth® құрылғысы сияқты кірістірілген сымсыз құрылғы қосулы:Сары: Сымсыз құрылғылар өшірулі.
(5) num lk шамы	Қосулы: Пернетақтаның сандық функциясы қосулы. Өшірулі: Пернетақтаның шарлау функциясы қосулы.


Түймешік пен үндеткіштер


 **ЕСКЕРІМ:** Компьютеріңіз осы бөлімде көрсетілгеннен аздап басқаша көрінуі мүмкін.



Бөлік	Сипаттама
(1) Қуат түймешігі	<ul style="list-style-type: none">• Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін түймешікті басыңыз.• Компьютер қосулы болғанда, ұйқы күйін қосу үшін түймешікті аз уақыт басыңыз.• Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен шығу үшін түймешікті аз уақыт басыңыз.• Компьютер күту күйінде болған кезде, күту күйінен шығу үшін түймешікті аз уақыт басыңыз. <p>Компьютер жауап беруді тоқтатса және Windows өшіру процедуралары тиімсіз болса, компьютерді өшіру үшін қуат түймешігін басып, кем дегенде 5 секунд ұстап тұрыңыз.</p> <p>Қуат параметрлері туралы толық ақпарат алу үшін, Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Параметры электропитания (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.</p>
(2) Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.

Пернелер


 **ЕСКЕРІМ:** Компьютеріңіз осы бөлімде көрсетілгеннен аздап басқаша көрінуі мүмкін.




Бөлік	Сипаттама
(1) <code>esc</code> пернесі	<code>fn</code> пернесімен бірге басылған кезде жүйе ақпараты көрсетіледі.
(2) <code>fn</code> пернесі	<code>esc</code> пернесімен бірге басылған кезде жүйе ақпараты көрсетіледі.
(3) Windows логотипті перне	Windows бастау мәзірін көрсетеді.
(4) Windows қолданбалар пернесі	Меңзердің астындағы элементтер үшін төте мәзірін көрсетеді.
(5) Кірістірілген сандық пернетақта пернелері	Сыртқы сандық пернетақтадағы пернелер сияқты қолданылуы мүмкін.
(6) Әрекет пернелері	Жиі қолданылатын жүйе әрекеттерін орындайды.

Әрекет пернелерін қолдану туралы қосымша ақпаратты [пернетақтаны пайдалану 35-бетте](#) қараңыз.


Оң жақтағы бөліктер


 **ЕСКЕРІМ:** Компьютеріңіз осы бөлімде көрсетілгеннен аздап басқаша көрінуі мүмкін.



Бөлік	Сипаттама
(1) Оптикалық жинақтағыш диск	Оптикалық диск жетектерін оқиды және сондай ақ таңдау модельдерінде оптикалық диск жетектеріне жазады.
(2) Шығару түймешігіндегі оптикалық диск жетегінің шамы	Жыпылықтау: Оптикалық диск жетегі ашылуда.
(3) USB порты	Оптикалық USB құрылғысына қосылады.
(4) RJ-11 (модем) ұясы (тек таңдаулы модельдерде)	Модем кабеліне қосылады (бөлек сатып алынады).
(5) Айнымалы ток адаптерінің шамы	<ul style="list-style-type: none">Ақ түсте жыпылықтау: Компьютер ұйқы күйінде.Ақ түсте: Компьютер сыртқы қуатқа қосылады.Сары: Батарея зарядталуда.Өшірулі: Компьютер сыртқы қуатқа қосылған жоқ.
(6) Қуат қосқышы	Айнымалы ток адаптеріне қосылады.
(7) Қауіпсіздік кабелінің ұясы	Оптикалық қауіпсіздік кабелін компьютерге тіркейді. ЕСКЕРІМ: Қауіпсіздік кабелі қауіпсіздік ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қарау немесе оны ұрланудан қорғамайды.


Сол жақтағы бөліктер

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютеріңіз осы бөлімде көрсетілгеннен аздап басқаша көрінуі мүмкін.



Бөлік	Сипаттама
(1) Сыртқы монитор порты	Сыртқы VGA монитормы немесе проекторды қосады.
(2) Ауа өткізгіш саңылаулар	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қосады. ЕСКЕРІМ: Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс істеу барысында ішкі желдеткіш қосылады да, өшіріледі. Бұл қалыпты құбылыс.
(3) HDMI порты (тек таңдаулы модельдерде)	Жоғары ажыратымдылық теледидары немесе кез келген сәйкес сандық не дыбыс компоненті сияқты қосымша бейне немесе дыбыс құрылғыларын қосады.
(4) Желі қосылымы шамы	Ақ: Компьютер желіге қосылуы.
(5) RJ-45 (желі) ұясы	Желі кабелін қосады.
(6) Желі белсенділігінің шамы	Сары: Деректер желі арқылы тасымалдануда.
(7) USB порттары (2)	Қосымша USB құрылғыларын қосады.
(8) Аудио кіріс (микрофон) ұясы	Қосымша компьютердің гарнитура микрофоны, стереомикрофонды немесе моно микрофонды қосады.
(9) Аудио шығыс (гарнитура) ұясы	Қосымша тоққа қосылатын стерео үндеткіштерге, құлақсаппарға, тығын тәріздес құлақсаппарға, гарнитураға не теледидар дыбысына қосылған кезде дыбыс шығарады.
(10) Сандық медиа ұясы (тек таңдаулы модельдерде)	Келесі қосымша сандық карталар пішімдерін қолданады: <ul style="list-style-type: none"> • Жад картасы (MS) • Жад картасы Pro (MSP) • Мультимедиа картасы (MMC) • Қауіпсіз сандық (SD) жад картасы • xD-Сурет картасы (XD)
(11) Диск шамы	Қосылуы: Қатты диск қолданыста.

Төменгі бөліктер



Бөлік	Сипаттама
(1) Батарея ұясы	Батареяны ұстайды.
(2) Ауа өткізгіш саңылаулар (4)	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қосады. ЕСКЕРІМ: Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс істеу барысында ішкі желдеткіш қосылады да, өшіріледі. Бұл қалыпты құбылыс.
(3) Батареяны босату ысырмасы	Батарея ұясынан батареяны босатады.
(4) Қатты диск ұясы	Қатты дискіні ұстайды.
(5) Сақтық модуль бөлімі	Екі сақтық модульдерін және сымсыз жергілікті желі (WLAN) модулін сақтайды. ЕСКЕРТУ: Жүйені жауап бермеуден болдырмау үшін, сымсыз модульді тек мемлекетіңізде не аймағыңызда сымсыз құрылғыларды реттейтін мемлекеттік ұйым арқылы компьютерде қолдану мақсатында бекітілген сымсыз модульдермен ғана алмастырыңыз. Модульді алмастырсаңыз және одан кейін ескерту хабарын алсаңыз, компьютердің жұмысын қалпына келтіру үшін, модульді алып тастаңыз және одан кейін анықтама және қолдау орталығы арқылы техникалық қолдау бөлімімен байланысыңыз.


Дисплей бөліктері




Бөлік	Сипаттама
(1) Ішкі микрофон	Дыбысты жазады.
(2) Веб-камера (тек таңдаулы модельдерде)	Бейнені жазады және бар суреттерді түсіреді.
(3) Веб-камера шамы (тек таңдаулы модельдерде)	Қосулы: Веб-камера қолданыста.

Сымсыз антенналар

Компьютер моделінде бір немесе бірнеше құрылғылардан сигналдарды қабылдайтын екі антенна болады. Бұл антенналар компьютердің сыртынан көрінбейді.



 **ЕСКЕРІМ:** Жақсы таратылым үшін антенналардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз.

Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді көру үшін, мемлекетіңізде немесе аймағыңызда қолданылатын *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертулер* бөлімін қараңыз. Бұл ескертулер анықтама және қолдау орталықтарында орналасқан.

Қосымша аппараттық бөліктер




Бөлік	Сипаттама
(1) Қуат шнуры*	Айнымалы ток адаптерін айнымалы ток розеткасына қосады.
(2) айнымалы ток адаптері	Айнымалы ток қуатын тұрақты ток қуатына түрлендіреді.
(3) Батарея	Компьютер сыртқы қуат көзіне қосылмаған кезде, компьютерге қуат береді.

*Түрлі елде және аймақта қуат шнурының көрінісі әртүрлі болады.

Жапсырмалар

Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютермен шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін.

- Кірістірілген заңдық, сымсыз куәлік және қызмет тег жапсырмалары - компьютер туралы заңдық ақпаратты, сымсыз куәлік ақпаратын, компьютер моделінің нөмерін, сериялық нөмірді және кепілдік ақпаратын береді. Бұл жапсырма батарея ұясының ішіне жапсырылады.



Бөлік

(1)	Нормативтік ақпарат	Компьютер туралы нормативтік ақпаратты береді.
(2)	Сымсыз куәлік ақпараты	Қосымша сымсыз құрылғылар туралы және құрылғылар қолдану үшін бекітілген кейбір мемлекеттер мен аймақтардың мақұлдау таңбаларын береді. Міндетті емес құрылғы сымсыз жергілікті желінің (WLAN) құрылғысы немесе міндетті емес Bluetooth® құрылғысы болуы мүмкін. Компьютерде бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылар болса, куәлік ақпараты компьютермен бірге беріледі. Бұл ақпарат шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін.
(3)	Техникалық сипаттама белгішесі*	Өнімге арналған сериялық нөмірді, өнім нөмірін және кепілдік ақпаратын береді.

*Техникалық қолдау орталығына хабарласқан кезде осы ақпарат қол жетімді болуы қажет:

- Сериялық нөмір – осы өнімге арналған бір мәнді әріптен және саннан тұратын код.
 - Өнім нөмірі өнімнің аппараттық бөліктері туралы арнайы ақпаратты береді, ол қызмет көрсетуші маманға қандай бөліктердің қажеттігін анықтауға көмектеседі.
 - Кепілдік нөмірі өнімге арналған кепілдік мерзімінің ұзақтығын сипаттайды.
- Microsoft® түпнұсқалық туралы куәлігі Windows өнім кілті туралы ақпаратты қамтиды. Өнім кілті амалдық жүйені жаңарту немесе ақаулықтарын жою үшін қажет болуы мүмкін. Куәлік компьютердің астында орналасады.
 - Модемнің бекітілген жапсырмасы (тек таңдаулы модельдерде) - модем туралы нормативтік ақпаратты және модем қолданылу үшін бекітілген кейбір мемлекеттер мен аймақтар талап ететін мақұлдау таңбалары ұйымының тізімдерін береді. Бұл ақпарат шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін. Модемге арналған сәйкестік жапсырмасы қатты диск ұясында орналасады.

2 Сымсыз құрылғылар, жергілікті желі және модем


Сымсыз құрылғыларды қолдану

Сымсыз технология деректерді сым арқылы емес, радио толқындары арқылы тасымалдайды. Компьютер төмендегі сымсыз құрылғылардың бірімен жабдықталған болуы мүмкін:

- Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы - Корпоративті кеңселерде, үйіңізде және әуежайлар, ресторандар, кофеханалар, қонақ үйлер және университеттер сияқты қоғамдық орындарда компьютерді сымсыз жергілікті желіге (жалпы Wi-Fi, сымсыз LAN немесе WLAN желілер болып табылады) қосады. WLAN желісінде әрбір мобильді сымсыз құрылғы сымсыз жол жоспарлағышымен немесе сымсыз кіру нүктесімен байланысады.
- Bluetooth® құрылғысы (тек таңдаулы модельдерде) Компьютерлер, телефондар, принтерлер, құлақспаптар, үндеткіштер және камералар сияқты басқа Bluetooth қосылған құрылғылармен байланысу үшін басқа жеке аймақтық желіні (PAN) жасайды. PAN желісінде әрбір құрылғы тікелей басқа құрылғылармен байланысады және құрылғылар бір біріне әдетте **10 метрдей** (шамамен 33 фут) жақын болуы қажет.

WLAN желісі бар компьютерлер келесі бір немесе бірнеше IEEE өнеркәсіптік стандарттарын қолданады:








- 802.11b, алғашқы танымал стандарт, секундына 11 мегапиксельден жоғары деректерді тасымалдау жылдамдығын қолданады және 2.4 ГГц жиілігінде жұмыс істейді.
- 802.11g секундына 54 мегапиксельден жоғары деректерді тасымалдау жылдамдығын қолданады және 2.4 ГГц жиілігінде жұмыс істейді. 802.11g WLAN құрылғысы 802.11b құрылғыларына кері үйлесімді, сондықтан бірдей желіде жұмыс істей алады.
- 802.11a секундына 54 мегапиксельден жоғары деректерді тасымалдау жылдамдығын қолданады және 5 ГГц жиілігінде жұмыс істейді.

 **ЕСКЕРІМ:** 802.11a құрылғысы 802.11b және 802.11g құрылғыларымен үйлесімді емес.

- 802.11n секундына 450 мегапиксельден жоғары деректерді тасымалдау жылдамдығын қолданады және 2.4 ГГц немесе 5 ГГц жиілікте жұмыс істейді, ол 802.11a, b және g құрылғыларымен кері үйлесімді етеді.

Сымсыз технология туралы қосымша ақпарат алу үшін, анықтама және қолдау орталығындағы веб-тораптар сілтемелерін және мәліметтерді қараңыз.

Сымсыз және желі күйінің белгішелерін анықтау

Белгіше	Атауы	Сипаттама
	Сымсыз (қосылған)	Сымсыз шамның орнын және компьютердегі сымсыз әрекет пернесін (f12) анықтайды. Сондай-ақ компьютердегі HP Wireless Assistant бағдарламалық құралын анықтайды және бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылардың қосылғандығын анықтайды.
	Сымсыз (ажыратылған)	Компьютердегі HP Wireless Assistant бағдарламалық құралын анықтайды және барлық сымсыз құрылғылардың өшірілгендігін анықтайды.
	Сымды желі (қосылған)	Бір немесе бірнеше желі драйверлерінің орнатылғанын және бір немесе бірнеше желі құрылғыларының сымды желіге қосылғандығын анықтайды.
	Сымды желі (өшірілген/ажыратылған)	Бір немесе бірнеше драйверлердің орнатылғандығын, бірақ ешбір желі құрылғылары қосылмағандығын (немесе Windows басқару тақтасында барлық желі құрылғыларының ажыратылғандығын) анықтайды.
	Желі (қосылған)	Бір немесе бірнеше желі драйверлерінің орнатылғанын және бір немесе бірнеше желі құрылғыларының сымсыз желіге қосылғандығын анықтайды.
	Желі (ажыратылған)	Бір немесе бірнеше желі драйверлерінің орнатылғанын және сымсыз қосылымдардың жұмыс істемегенін, бірақ ешбір желі құрылғыларының сымсыз желіге қосылмағандығын анықтайды.
	Желі (өшірілген/ажыратылған)	Бір немесе бірнеше желі драйверлерінің орнатылғанын, бірақ ешбір сымсыз қосылымдар қол жетімді еместігін (немесе барлық сымсыз желі құрылғыларының сымсыз әрекет пернесі [f12] немесе HP Wireless Assistant арқылы өшірілгендігін) анықтайды.

Сымсыз басқару элементтерін пайдалану

Осы мүмкіндіктерді қолдану арқылы компьютердегі сымсыз құрылғыларды басқаруға болады:

- Сымсыз әрекет пернесі (f12)
- HP Wireless Assistant бағдарламалық құралы
- Амалдық жүйе басқару элементтері

Сымсыз әрекет пернесін пайдалану


Компьютерде сымсыз әрекет пернесі (f12), бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылар және сымсыз шам болады. Компьютердегі барлық сымсыз құрылғылар зауытта қосылған, сондықтан сымсыз шам компьютерді қосқан кезде (ақ) жанады.

Сымсыз шам жеке құрылғылардың емес, сымсыз құрылғылардың жалпы қуат күйін анықтайды. Сымсыз шам ақ болса, кем дегенде бір сымсыз құрылғы қосылған. Егер сымсыз шам сары түсті болса, сымсыз құрылғылар өшірілген.

Сымсыз құрылғылар зауытта қосылғандықтан, бірден сымсыз құрылғылардың барлығын қосу немесе ажырату үшін, сымсыз әрекет пернесін (f12) қолдануға болады. Жеке сымсыз құрылғылар HP Wireless Assistant арқылы басқарылуы мүмкін.

HP Wireless Assistant бағдарламалық құралын пайдалану

Сымсыз құрылғыны HP Wireless Assistant бағдарламалық құралын пайдалану арқылы қосуға немесе ажыратуға болады. Егер сымсыз құрылғы орнату утилитасында ажыратылса, оны Wireless Assistant бағдарламалық құралын пайдалану арқылы қоспас немесе ажыратпас бұрын, орнату утилитасында қайта қосу қажет.

 **ЕСКЕРІМ:** Сымсыз құрылғыны қосу немесе ажырату компьютерді желіге немесе Bluetooth® арқылы қосылған құрылғыға автоматты түрде қоспайды.

Сымсыз құрылғылардың күйін көру үшін, **Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін, яғни хабарландыру аймағының сол жағындағы көрсеткіні нұқыңыз және тінтуір меңзерін сымсыз қосылым белгішесінің үстіне орналастырыңыз.

Егер сымсыз қосылым белгішесі хабарландыру аймағында көрсетілмесе, Wireless Assistant сипаттарын өзгерту үшін төмендегі қадамдар орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Аппарат және дыбыс) > **Центр мобильности Windows** (Windows мобильділік орталығы) тармақтарын таңдаңыз.
2. Windows® мобильділік орталығының төменгі қатарында орналасқан Wireless Assistant ұясындағы сымсыз қосылым белгішесін нұқыңыз. Wireless Assistant бағдарламалық құралы ашылады.
3. **Свойства** (Сипаттар) параметрін таңдаңыз.
4. **Значок Wireless Assistant в области уведомлений** (Хабарландыру аймағындағы Wireless Assistant белгішесі) құсбелгісін қойыңыз.
5. **Применить** (Қолдану) түймешігін басыңыз.
6. **Закрыть** (Жабу) түймешігін басыңыз.

Толық ақпарат алу үшін, Wireless Assistant бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз:

1. Wireless Assistant құралын Windows мобильділік орталығындағы Сымсыз қосылым белгішесін нұқу арқылы ашыңыз.
2. **Справка** (Анықтама) түймешігін басыңыз.

Амалдық жүйе басқару элементтерін пайдалану

Кейбір амалдық жүйелер кірістірілген сымсыз құрылғылар мен сымсыз қосылымды басқару жолын да ұсынады. Мысалы, Windows қосылымды немесе желіні орнатуға, желіге қосылуға, сымсыз желілерді басқаруға және желі ақаулықтарын тексеруге және жөндеуге мүмкіндік беретін желі және ортақ қолдану орталығымен қамтамасыз етеді.

Желі және ортақ қолдану орталығына кіру үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель Управления (Басқару тақтасы)** > **Сеть и Интернет (Желі және Интернет)** > **Центр управления сетями и общим доступом** (Желі және ортақ кіруді басқару орталығы) тармақтарын таңдаңыз.

Қосымша ақпаратты алу үшін, **Пуск** (Бастау) > **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) тармақтарын таңдаңыз.

WLAN құрылғысын қолдану

WLAN құрылғысымен сымсыз жол жоспарлағышы немесе сымсыз кіру нүктесі арқылы байланыстырылған басқа компьютерлер мен керек-жарақтарға біріккен, сымсыз жергілікті желіге (WLAN) кіруге болады.

ЕСКЕРІМ: Сымсыз жол жоспарлағышы және сымсыз кіру нүктесі жиі өзара ауыстырылатын күйде қолданылады.

- Бірлескен немесе қоғамдық WLAN сияқты үлкен ауқым әдетте, компьютерлердің және керек-жарақтардың үлкен санына және бөлек өрескел желі функцияларына қызмет көрсете алатын сымсыз кіру нүктелерін пайдаланады.
- Үйдегі немесе кішкентай кеңседегі WLAN әдетте, интернет қосылымын, принтерді және аппараттың немесе бағдарламалық құралдың қосымша бөліктерін талап етпейтін файлдарды ортақ пайдалану үшін бірнеше сымсыз және сымды компьютерлерге мүмкіндік беретін сымсыз жол жоспарлағышын пайдаланады.


Компьютерде WLAN құрылғысын қолдану үшін, WLAN инфрақұрылымына (қызмет провайдері немесе қоғамдық не біріккен желі арқылы берілген) қосылу қажет.

WLAN желісін орнату

WLAN құрылғысын орнату және Интернетке қосылу үшін, төмендегі жабдық қажет:

- Кең ауқымды модем (DSL немесе кабельді) **(1)** және Интернет қызметі провайдерінен сатып алынған жылдамдығы жоғары Интернет қызметі
- Сымсыз жол жоспарлағышы (бөлек сатылады) **(2)**
- Сымсыз компьютер **(3)**

Төменде берілген суретте Интернетке қосылған сымсыз желінің орнатымы мысалға келтірілген.



Бұл желі құрылғыларының саны ұлғая түскенде, Интернетке кіретін қосымша сымсыз және сымды компьютерлерді желіге қосуға болады.

Сымсыз жергілікті желіні (WLAN) орнату туралы көмек алу үшін, жол жоспарлағышы немесе Интернет қызметін жеткізуші (ISP) арқылы берілген ақпаратты қараңыз.

WLAN желісін қорғау

WLAN стандарты тек шектелген қауіпсіздік мүмкіндіктерімен жасалғандықтан—негізінен шабуылдың күштірегінен кездейсоқ тыңдауға кедергі келтіру үшін—WLAN құрылғыларының жақсы танымал және жақсы құжатталған қауіпсіздік кемшіліктеріне бейім екенін түсіну маңызды.

Қоғамдық аймақтар немесе кофеханалар және әуежайлар сияқты адам көп аймақтар ешқандай қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді. Сымсыз өндірушілер мен байланыс орнының қызмет провайдерлері қоғамдық ортада қауіпсіздікті және жасырын болуды ұлғайтатын жаңа технологияларды жетілдіруде. Байланыс орнында компьютердің қауіпсіздігі туралы сенімді болмасаңыз, өрескел емес электрондық пошта жіберу және негізгі Интернетте іздеу сияқты желі әрекеттерімен шектеніңіз.

WLAN құрылғысын орнатқан немесе бар WLAN желісіне кірген кезде, әрқашан рұқсатсыз кіруден желіні қорғау үшін қауіпсіздік мүмкіндіктерін қосыңыз. Жалпы қауіпсіздік деңгейлері WPA (Wi-Fi қорғалған кіру) мүмкіндігі-жеке және Wired Equivalent Privacy (WEP) болып табылады. Сымсыз радио сигналдары желі сыртында жүретіндіктен, басқа WLAN құрылғылары қорғалмаған сигналдарды қабылдауы және желіге қосылуы (шақырусыз) немесе ол арқылы жіберілетін ақпаратты иеленуі мүмкін. Дегенмен, WLAN желісін қорғау үшін, сақтық шараларын қолдануға болады:

- **Сымсыз сигнал таратқышты кірістірілген қауіпсіздікпен қолдану**

Көптеген сымсыз негіздегі станциялар, шлюздер, жол жоспарлағыштары сымсыз қауіпсіздік протоколдары және қалқандар сияқты кірістірілген қауіпсіздік мүмкіндіктерімен қамтамасыз етеді. Дұрыс сымсыз сигнал таратқышпен көптеген жалпы сымсыз қауіпсіздік қатерлерінен желіні қорғай аласыз.

- **Қалқанның артында жұмыс істеу**

Қалқан желіге жіберілген деректерді де, деректерге арналған сұраныстарды да тексеретін және кез келген сезікті элементтерден бас тартатын тосқауыл болып табылады. Қалқандар бағдарламалық құралда да, аппаратта да жұмыс істейді. Кейбір желілер екі түрдің бірігуін қолданады.

- **Сымсыз шифрлауды қолдану**

Күрделі шифрлау протоколдарының түрленуі WLAN құрылғысынан қол жетімді:


- **Wired Equivalent Privacy (WEP)** — WEP кілті арқылы тасымалданбас бұрын барлық желі деректерін кодтайтын және шифрлайтын сымсыз қауіпсіздік протоколдары. Әдетте, желіге WEP кілтін тағайындауға рұқсат бере аласыз. Басқаша, өз кілтіңізді орнатуға, басқа кілтті жасауға немесе басқа қосымша параметрлерді таңдауға болады. Дұрыс кілтсіз басқалар WLAN желісін қолдана алмайды.
- **WPA (Wi-Fi қорғалған кіру) мүмкіндігі**, WEP сияқты желі арқылы таратылатын деректерді шифрлау және шифрламау үшін қауіпсіздік параметрлерін қолданады. Дегенмен, шифрлаулар үшін WEP сияқты бір статикалық қауіпсіздік кілтті қолданудың орнына, WPA әрбір бума үшін көп сырлы жаңа кілтті жасау үшін, «уақытша кілтті біріктіру протоколын» (TKIP) қолданады. Бұл да желідегі әрбір компьютер үшін кілттердің әртүрлі жинақтарын жасайды.

WLAN желісіне қосылу

WLAN желісіне қосылу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:


1. WLAN құрылғысының қосылғанын тексеріңіз. Қосылған болса, сымсыз қосылым шамы ақ болады. Егер сымсыз қосылым шамы сары болса, оны қосу үшін сымсыз әрекет (f12) пернесін басыңыз.
2. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан желі белгішесін нұқыңыз.
3. Тізімнен WLAN желісін таңдаңыз.
4. **Подключение** (Қосылу) түймешігін басыңыз.

Егер желі қауіпсіз қосылған WLAN желісі болса, сізден желі қауіпсіздік кілтін енгізу сұралады, бұл қауіпсіздік коды болып табылады. Кодты енгізіп, қосылымды аяқтау үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** WLAN құрылғылары тізімделген болса, сымсыз жол жоспарлағыш ауқымының немесе кіру нүктесінің сыртындасыз.

ЕСКЕРІМ: Егер қосылатын желіні көрмесеңіз, **Открыть центр управления сетями и общим доступом** (Желілер мен ортақ кіруді басқару орталығын ашу) пәрменін таңдап, **Настройка нового подключения или сети** (Жаңа қосылым немесе желіні орнату) түймешігін басыңыз. Параметрлердің тізімі көрсетіледі. Іздеуді және желіге қосылуды немесе жаңа желі қосылымын жасауды қолмен таңдауға болады.

Қосылым жасалғаннан кейін, тінтуір меңзері қосылымның атын және күйін растау үшін хабарландыру аймағындағы желі белгішесінің үстіне, тапсырмалар тақтасының оң жағына қойылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Жұмыс ауқымы (сымсыз сигналдардың жету алыстығы) WLAN кіруіне, жол жоспарлағышын өндірушіге және басқа электрондық құрылғылардан алынған кедергілерге немесе қабырғалар және едендер сияқты құрылымды тосқауылдарға байланысты болады.

WLAN желісін қолдану туралы қосымша ақпаратты төмендегі ресурстардан табуға болады:

- ISP және пайдаланушы нұсқаулығынан алынған ақпарат сымсыз жол жоспарлағышы пен басқа WLAN жабдығымен қамтылған.
- Анықтама және қолдау орталығы беретін ақпарат және веб-торап сілтемелері

Қасыңыздағы қоғамдық WLAN жүйелерінің тізімін алу үшін, ISP провайдерімен байланысыңыз немесе вебтен іздеңіз. Қоғамдық WLAN жүйелерінің тізімін беретін веб-тораптар Cisco Internet Mobile Office сымсыз орындарын, Hotspotlist және Geektools тораптарын қамтиды. Баға және қосылым талаптары үшін әрбір қоғамдық WLAN орындарын тексеріңіз.

Басқа желіге роуминг

Компьютерді басқа WLAN желісінің ауқымынан жылжытсаңыз, Windows сол желіге қосылуға әрекет жасайды. Әрекет сәтті болса, компьютер автоматты түрде жаңа желіге қосылады. Егер Windows жаңа желіні танымаса, WLAN желісіне қосылу үшін бастапқы жасаған іс реттерін орындаңыз.

Bluetooth сымсыз құрылғыларын пайдалану (тек таңдаулы модельдерде)

Bluetooth құрылғысы әдетте мына электрондық құрылғыларды байланыстыратын физикалық кабель қосылымдарын ауыстыратын қысқа ауқымды сымсыз байланыстарды қамтамасыз етеді.

- Компьютерлер (жұмыс үстелі, ноутбук, қалта компьютері)
- Телефондар (ұялы, сымсыз, смарт телефон)
- Сурет түсіретін құрылғылар (принтер, камера)
- Дыбыстық құрылғылар (гарнитура, үндеткіштер)

Bluetooth құрылғысы Bluetooth құрылғыларының дербес желісін орнатуға мүмкіндік беретін тең рангілі мүмкіндікті қамтамасыз етеді. Bluetooth құрылғысын теңшеу мен пайдалану туралы ақпарат алу үшін, Bluetooth бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

Bluetooth және Интернетке қосылуды ортақ пайдалану (ICS)


HP компаниясы Bluetooth қосылымы бар бір компьютерді басты компьютер ретінде орнатып, оны басқа компьютерлер Интернетке қосылатын шлюз ретінде пайдаланбауды **ұсынбайды**. Екі немесе одан да көп компьютер Bluetooth арқылы қосылған кезде және компьютерлердің біреуінде Интернетке қосылуды ортақ пайдалану мүмкіндігі қосылған кезде басқа компьютерлер Интернетке Bluetooth желісі арқылы қосылмауы мүмкін.

Bluetooth күші сіздің компьютеріңіз бен ұялы телефон, принтер, камера және қалта компьютерлер арасында берілетін мәліметтерді қадамдастыруға негізделген. Екі немесе одан да көп компьютердің Bluetooth арқылы Интернетті ортақ пайдалану үшін үздіксіз қосылу мүмкінсіздігі Bluetooth және Windows амалдық жүйесінің шектеуі болып табылады.

Сымсыз қосылым ақаулықтарын жою

Сымсыз қосылым ақаулықтарының кейбір мүмкін жағдайлары төмендегілерді қамтиды:

- Желі теңшелімі (SSID немесе қауіпсіздік) өзгертілген.
- Сымсыз құрылғы дұрыс орнатылмаған немесе ажыратылған.
- Сымсыз құрылғы немесе жол жоспарлағышы аппараты орнатылмады.
- Сымсыз құрылғы басқа құрылғылардан кедергілерге ұшырады.


 **ЕСКЕРІМ:** Сымсыз желі құрылғылары тек таңдаулы компьютер модельдерінде қамтылған. Сымсыз желі түпнұсқа компьютер бумасының қапталындағы мүмкіндік тізімінде болмаса, сымсыз желі мүмкіндігін сымсыз желі құрылғысын сатып алу арқылы компьютерге қоса аласыз.

Желі қосылымы ақаулықтарының мүмкін шешімдері реттілігі арқылы жұмысты бастамас бұрын, құрылғы драйверлерінің барлық сымсыз құрылғылар үшін орнатылғанын тексеріңіз.

Қалаған желіге қосылмаған компьютерді тексеру және жөндеу үшін, осы тараудағы іс реттерін орындаңыз.

WLAN желісіне қосылу мүмкін емес

WLAN желісіне қосылу ақаулығы туындаса, кірістірілген WLAN құрылғысының компьютерде дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows жүйесі компьютердің қауіпсіздігін жақсарту үшін, пайдаланушы есептік жазбасын басқару мүмкіндігін қамтиды. Бағдарламалық құралды орнату, қызметтік бағдарламаларды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін, рұқсатыңыз немесе құпия сөзіңіз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпаратты Анықтама және қолдау орталығынан қараңыз.

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) тармақтарын таңдаңыз.
2. **Система** (Жүйе) аймағында **Диспетчер устройств** (Құрылғылар реттеушісі) параметрін таңдаңыз.
3. Тізімді кеңейту үшін және барлық адаптерлерді көрсету үшін, **Сетевые адаптеры** (Желі адаптерлері) параметрін таңдаңыз.
4. Желі адаптерлері тізімінен WLAN құрылғысын анықтаңыз. WLAN құрылғысы үшін тізім *сымсыз, сымсыз LAN, WLAN, Wi-Fi* немесе *802.11* терминдерін қамтуы мүмкін.

Ешбір WLAN құрылғысы тізімделмесе, компьютерде кірістірілген WLAN құрылғысы жоқ немесе WLAN құрылғысы үшін драйверлер дұрыс орнатылмаған.

WLAN желілерінің ақаулықтарын жою туралы қосымша ақпарат алу үшін, анықтама және қолдау орталығындағы веб-тораптар сілтемелерін қараңыз.

Қажет желіге қосылу мүмкін емес

Windows бұзылған WLAN қосылымын автоматты түрде түзете алмайды:

- Хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ соңында желі белгішесі болса, белгішені тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, одан кейін **Устранение неполадок** (Ақаулықтарды жою) қойындысын нұқыңыз.

Windows желі құрылғысын қалпына келтіріп, қажет желілердің біріне қайта қосылуға әрекет жасайды.

- Хабарландыру аймағында желі белгішесі болмаса, келесі қадамдарды орындаңыз:
 1. **Пуск** (Бастау) > **Панель Управления (Басқару тақтасы)** > **Сеть и Интернет (Желі және Интернет)** > **Центр управления сетями и общим доступом** (Желі және ортақ кіруді басқару орталығы) тармақтарын таңдаңыз.
 2. **Устранение неполадок** (Ақаулықтарды жою) қойындысын нұқып, түзетілетін желіні таңдаңыз.


Желі белгішесі көрсетілмейді.

WLAN желісін теңшегеннен кейін, хабарландыру аймағында желі белгішесі көрсетілмесе, бағдарламалық құрал драйвері де болмайды немесе бүлінеді. Windows «Құрылғы табылмады» қатесі де көрінеді. Драйверді қайта орнату қажет.

Егер қолданыстағы WLAN құрылғысы да бөлек сатып алынса, соңғы бағдарламалық құрал үшін өндіруші веб-торабын қараңыз.

Компьютер үшін WLAN құрылғысы бағдарламалық құралының соңғы нұсқасын алу үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Веб-шолғышты ашып, <http://www.hp.com/support> торабына өтіңіз.
2. Қажетті ел немесе аймақты таңдаңыз.
3. Драйверлер мен бағдарламалық құралдарды жүктеп алу құсбелгісін қойып, компьютер үлгісінің нөмірін іздеу жолағында теріңіз.
4. **enter** пернесін басыңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер қолданыстағы WLAN құрылғысы да бөлек сатып алынса, соңғы бағдарламалық құрал үшін өндіруші веб-торабын қараңыз.

Ағымдағы желі қауіпсіздік кодтары да қол жетімді емес

Егер WLAN желісіне қосылғанда желі кілті немесе аты (SSID) сұралса, желі қауіпсіздік арқылы қорғалған. Қауіпсіз желіге қосылу үшін, ағымдағы кодтар болуы қажет. SSID және желі кілті әріп пен санды қамтитын кодтар, сіз оларды желіге компьютерді анықтау үшін компьютерге енгізесіз.

- Жеке сымсыз жол жоспарлағышқа қосылған желі үшін, жол жоспарлағыш пен WLAN құрылғысына бірдей кодтарды орнату туралы нұсқауларды жол жоспарлағышы пайдаланушы нұсқауларынан қарап шығыңыз.
- Кеңседегі немесе қоғамдық Интернет сөйлесу бөлмесіндегі желі сияқты жеке желі үшін, кодтарды алу мақсатында желі әкімшісіне байланысып, енгізу сұралғанда кодтарды енгізіңіз.

Кейбір желілер қауіпсіздікті жақсарту мақсатында жүйелі түрде жол жоспарлағыштарындағы немесе кіру нүктелеріндегі SSID немесе желі кілттерін өзгертеді. Соған сәйкес компьютердегі сәйкес кодты да өзгерту қажет.


Егер желі үшін жаңа сымсыз желі кілттері және SSID берілсе және бұрын осы желіге қосылған болсаңыз, желіге қосылу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Панель Управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желі және ортақ кіруді басқару орталығы)** тармақтарын таңдаңыз.

2. Сол жақ тақтада **Управление беспроводными сетями (Сымсыз желілерді басқару)** түймешігін басыңыз.

Қол жетімді WLAN желілерін көрсететін тізім беріледі. Бірнеше WLAN желілері белсенді байланыс орталығында болсаңыз, бірнешеуі көрсетіледі.

3. Тізімдегі желіні таңдап, желіні тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Свойства (Сипаттар)** параметрін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Қажет желі тізімде көрсетілмесе, жол жоспарлағыш немесе кіру нүктесі жұмыс істеп тұрғанын желі әкімшісімен бірге тексеріңіз.

4. **Безопасность (Қауіпсіздік) қойындысын** нұқып, дұрыс сымсыз шифрлау деректерін **Защитный сетевой код (Желілік қауіпсіздік кілті)** өрісіне енгізіңіз.

5. Осы параметрлерді сақтау үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.

WLAN қосылымы өте жай

Қосылым өте жай болса немесе компьютер WLAN жүйесіне қосыла алмаса, басқа құрылғылардан кедергілерді төмендегідей азайтыңыз:

- Компьютерді жол жоспарлағышқа немесе кіру нүктесіне жақын орналастырыңыз.
- Микротолқынды пеш, сымсыз телефон немесе ұялы телефон сияқты құрылғыларды, басқа сымсыз құрылғылардың кедергі келтірмейтініне сенімді болу үшін, ажыратыңыз.

Егер қосылым жақсармаса, құрылғыны барлық қосылым мәндерін қалпына келтіруге бағыттап көріңіз:

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Центр управления сетями и общим доступом (Желі және ортақ кіруді басқару орталығы)** тармақтарын таңдаңыз.

2. Сол жақ тақтада **Управление беспроводными сетями (Сымсыз желілерді басқару)** түймешігін басыңыз.

Қол жетімді WLAN желілерін көрсететін тізім беріледі. Бірнеше WLAN желілері белсенді байланыс орталығында болсаңыз, бірнешеуі көрсетіледі.

3. Желіні таңдаңыз, одан кейін **Удалить (Жою)** түймешігін басыңыз.

Сымсыз жол жоспарлағышына қосылу мүмкін емес

Сымсыз жол жоспарлағышына қосылуға әрекет жасасаңыз және ол сәтсіз болса, жол жоспарлағышынан қуатты 10 не 15 секундқа ажырату арқылы сымсыз жол жоспарлағышын қайта орнатыңыз.

Компьютер әлі де WLAN желісіне қосылмаса, сымсыз жол жоспарлағышын қайта іске қосыңыз.
Толық мәліметтерді жол жоспарлағышын өндірушінің нұсқауларынан қараңыз.

Модемді пайдалану (тек таңдаулы модельдерде)

Модем аналогтық телефон сымына 6-істікше, RJ-11 модем кабелі (бөлек сатылады) арқылы қосылған болуы қажет. Кейбір мемлекеттерде, мемлекетке арналған модем кабелінің адаптері (бөлек сатылады) де талап етіледі. Сандық РВХ жүйелеріне арналған ұялар аналогтық телефон ұяларына сәйкес келеді, бірақ олар модемге сәйкес келмейді.

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ішкі аналогтық модемді сандық сымға қосу жедел модемді зақымдауы мүмкін. Кездейсоқ сандық сымға қосылған болсаңыз, жедел түрде модем кабелін ажыратыңыз.

Егер модем кабелінде ТД және радио толқындарының кедергілерін азайтатын құрал **(1)** бар болса, кабельдің **(2)** бұл құрал орналасқан ұшын компьютерге қарай орналастырыңыз.




Модем кабелін қосу

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогының соғуы, өрт шығуы немесе жабдыққа зиян келтіру қатерінен аулақ болу үшін, модем кабелін (тек таңдаулы модельдерде қамтылған) немесе телефон кабелін RJ-45 (желі) ұясына жалғауға болмайды.

Модем кабелін қосу үшін

1. Модем кабелін компьютердегі модем ұясына **(1)** жалғаңыз.
2. Модем кабелін RJ-11 телефон ұясына **(2)** жалғаңыз.




Арнайы мемлекеттік модем кабелі адаптерін қосу

Телефон ұялары мемлекетке байланысты әртүрлі болады. Модем мен модем кабелін (тек таңдаулы модельдерде қамтылған) компьютерді сатып алған мемлекеттен тыс қолдану үшін, арнайы мемлекеттік модем кабелінің адаптерін (тек таңдаулы модельдерде қамтылған) қолдану қажет.

Модемді RJ-11 телефон ұясы жоқ аналогтық телефон сымына жалғау үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Модем кабелін компьютердегі модем ұясына **(1)** жалғаңыз.
2. Модем кабелін арнайы мемлекеттік модем кабелінің адаптеріне **(2)** жалғаңыз.
3. Арнайы мемлекеттік модем кабелі адаптерін телефон ұясына **(3)** жалғаңыз.



Орын параметрлерін таңдау

Ағымдағы орын таңдауын қарап шығу

Модемге арналған ағымдағы орын параметрін қарап шығу үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) тармақтарын таңдаңыз.
2. **Часы, язык и регион** (Сағат, тіл және аймақ) параметрін таңдаңыз.
3. **Регион и язык** (Аймақ және тіл) параметрін таңдаңыз.
4. Орынды көрсету үшін, **Местоположение** (Орын) қойындысын нұқыңыз.

Саяхат кезінде жаңа орналасуларды қосу

Әдепкіде модем үшін тек қол жетімді бір орын параметрі - компьютер сатып алынған мемлекетке арналған орын параметрі. Өртүрлі мемлекеттерге саяхатқа шығатындықтан, ішкі модемді қолданатын мемлекеттің жұмыс істеу стандарттарына сәйкес келетін орын параметріне орнатыңыз.

Жаңа орын параметрін қосқандықтан, олар кез келген уақытта параметрлерге ауысуға болатындай компьютерде сақталады. Кез келген мемлекет үшін әртүрлі орын параметрлерін қосуға болады.

△ **ЕСКЕРТУ:** Өз мемлекетіңіздегі параметрлерді жоғалтуды болдырмау үшін, ағымдағы модемнің мемлекеттік параметрлерін жоймаңыз. Өз мемлекетіңіздің теңшелімін сақтап, басқа мемлекеттерде модем қосу үшін, модемді қолданатын әрбір орын үшін жаңа теңшелімді қосыңыз.

ЕСКЕРТУ: Баратын мемлекеттің телекоммуникация нормативтерін және заңдарды бұзатын жолда модемді теңшеудің алдын алу үшін, компьютер орналасқан мемлекетті таңдаңыз. Сәйкес емес мемлекет таңдалғанда, модем дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.


Модемге арналған орын параметрін қосу үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры** (Құрылғылар мен принтерлер) тармақтарын таңдаңыз.
2. Компьютерді көрсететін құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Параметры модема** (Модем параметрлері) түймешігін басыңыз.



ЕСКЕРІМ: Теру ережелері қойындысын қарап шықпастан бұрын, бастапқы (ағымдағы) орын аймағы кодын орнату қажет. Орын орнатымы болса, модем параметрлері тармағын таңдағанда, орынды енгізу ескертілуі мүмкін.

3. **Правила набора номера** (Теру ережелері) қойындысын нұқыңыз.
4. **Новый** (Жаңа) параметрін таңдаңыз. Жаңа орын терезесі көрсетіледі.
5. **Орын аты** жолағында, жаңа орын параметрі үшін “үй” немесе “жұмыс” сияқты атауды теріңіз.
6. **Страна/регион** (Мемлекет/аймақ) ашылмалы тізімінен мемлекетті немесе аймақты таңдаңыз. (Модем қолдау көрсетпейтін мемлекетті немесе аймақты таңдасаңыз, АҚШ немесе Біріккен Корольдық үшін мемлекет/аймақ таңдауы әдепкі бойынша көрсетіледі.)
7. Аймақ кодын, жеткізуші кодын (қажет болса) және сыртқы линияға кіру үшін (қажет болса) нөмірді енгізіңіз.
8. **Использования набора** (Теруді қолдану) параметрінің қасындағы, **Звук** (Үн) немесе **Импульс** (Импульс) түймешігін басыңыз.
9. Жаңа параметрді сақтау үшін, **ОК** түймешігін басыңыз. Телефон және модем терезесі көрсетіледі.
10. Төмендегі әрекеттердің бірін орындаңыз:
 - Жаңа орын параметрін ағымдағы орын сияқты орнату үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.
 - Басқа орын параметрін ағымдағы орын параметрі сияқты таңдау үшін, орын тізіміндегі параметрлерден таңдалғанды нұқып, **ОК** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Басқа мемлекеттердегі сияқты өз мемлекетіңізде орындар үшін орын параметрін қосу үшін келесі іс әрекеттерін орындауға болады. Мысалы, сыртқы линияға кіру үшін теру ережелерін қамтитын "Жұмыс" деп аталатын параметрді қосуға болады.

Саяхат қосылым ақаулықтарын шешу

Компьютерді сатып алған компьютерден тыс оны қолданған кезде, модем қосылымының ақаулықтары туындаса, төмендегі ұсыныстарды орындап көріңіз.

- **Телефон линиясы түрін тексеріңіз.**

Модемге сандық емес, аналогтық телефон линиясын қажет етеді. РВХ линиясы ретінде сипатталатын линия әдетте сандық линия болады. Деректер линиясы, факс линиясы, модем линиясы немесе стандартты телефон линиясы ретінде сипатталған телефон линиясы әдетте аналогтық линия болады.

- **Проверка импульсного или тонового набора** (Импульстік немесе үндік теруді тексеру).

Аналогтық телефон екі теру күйінің бірін қолдайды: импульстік теру немесе үндік теру. Бұл теру күйлерінің параметрлері телефон және модем параметрлерінде таңдалған. Таңдалған теру күйінің параметрі аймағыңыздағы телефон линиясы қолдау көрсететін теру күйіне сәйкес келу қажет.

Телефон линиясы арқылы қолдау көрсетілетін теру күйін анықтау үшін, телефондағы бірнеше сандарды теріп, импульстік немесе үнді тыңдаңыз. Басулар телефон линиясы импульстік теруге қолдау көрсететінін анықтайды. Үндер телефон линиясы үндік теруге қолдау көрсететінін анықтайды.

Ағымдағы модемнің орын параметрлерінде теру күйін өзгерту үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Устройства и принтеры** (Құрылғылар мен принтерлер) тармақтарын таңдаңыз.
2. Компьютерді көрсететін құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Параметры модема** (Модем параметрлері) түймешігін басыңыз.
3. **Правила набора номера** (Теру ережелері) қойындысын нұқыңыз.
4. Модемнің орын параметрін таңдаңыз.
5. **Правка** (Өңдеу) түймешігін басыңыз.
6. **Звук** (Үн) немесе **Импульс** (Импульс) түймешігін басыңыз.
7. **ОК** түймешігін екі рет басыңыз.

- **Терілетін телефон нөмірін және қашықтан басқарылатын модемнің жауабын тексеріңіз.**

Телефон нөмірді теріп, қашықтан басқарудан жауап бар екенін және жауап беретінін тексеріңіз.

- **Теру үндерін елемеу үшін, модемді орнатыңыз.**

Модем танымайтын теру үнін қабылдаса, ол терілмейді және "Ешбір теру үні жоқ" қате хабарын көрсетеді.

Барлық теру үндерін теруден бұрын елемеу мақсатында модемді орнату үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Устройства и принтеры** (Құрылғылар мен принтерлер) тармақтарын таңдаңыз.
2. Компьютерді көрсететін құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Параметры модема** (Модем параметрлері) түймешігін басыңыз.
3. **Модемы** (Модемдер) қойындысын нұқыңыз.
4. Модем үшін тізімді таңдаңыз.
5. **Свойства** (Сипаттар) параметрін таңдаңыз.
6. **Модем** пәрменін таңдаңыз.
7. **Дождаться сигнала "Линия свободна"** (Теруден бұрын үндік теруді күту) құсбелгісін алып тастаңыз.
8. **ОК** түймешігін екі рет басыңыз.

Жергілікті желіге қосылу

Жергілікті желіге (LAN) қосылу 8-істікшені, RJ-45 желілік кабелін (бөлек сатылады) талап етеді. Егер желі кабелінде ТД және радио толқындарының бөгеуілдерін болдырмайтын құрал **(1)** бар болса, кабельдің **(2)** бұл құрал орналасқан ұшын компьютерге қарай орналастырыңыз.



Желілік кабельді жалғау үшін


1. Желі кабелін компьютердегі желі ұясына **(1)** жалғаңыз.

2. Кабельдің басқа ұшын желі ұясына (2) жалғаңыз.



⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогының соғуы, өрт шығуы немесе жабдыққа зиян келтіру қатерінен аулақ болу үшін, модем немесе телефон кабелін RJ-45 (желі) ұясына жалғамаңыз.


3 Меңзегіш құрылғылар және пернетақта



Бөлік	Сипаттама
(1) TouchPad өшіру көрсеткіші	<ul style="list-style-type: none">• TouchPad аймағы белсенді болғанда, шамдар өшіріледі.• TouchPad аймағы белсенді емес болғанда, шамдар сары болады.
(2) TouchPad аймағы	Меңзерді жылжытады және экрандағы элементтерді таңдайды немесе белсендіреді.
(3) Сол жақ TouchPad басқару элементі	TouchPad басқару элементі түймешігінің сол жағын сыртқы тінтуірдегі сол жақ түймешікті қолданатын сияқты пайдаланыңыз.
(4) Оң жақ TouchPad басқару элементі	TouchPad басқару элементі түймешігінің оң жағын сыртқы тінтуірдегі оң жақ түймешікті қолданатын сияқты пайдаланыңыз.

TouchPad панелін қосу және өшіру

TouchPad аймағы белсенді болғанда, шамдар өшіріледі. Touchpad құралын қосу және өшіру үшін, Touchpad шамын екі рет тез нұқыңыз.



TouchPad құрылғысын пайдалану

Көрсеткіні жылжыту үшін бір бармақты TouchPad бетінде көрсеткіні жылжытқыңыз келген бағытқа жылжытыңыз. TouchPad панелінің сол және оң жақ түймешіктері сыртқы тінтуірдің сол және оң жақ түймешіктері сияқты пайдаланылады. TouchPad айналдыру аймағын қолданып жоғары және төмен айналдырыңыз, TouchPad құралының оң жақ ұясы бойынша саусағыңызды жоғары не төмен сырғытыңыз.

ЕСКЕРІМ: Меңзерді жылжыту үшін TouchPad құрылғысын пайдалансаңыз, айналдыру аймағында оны жылжытпас бұрын, TouchPad құрылғысынан саусағыңызды алу қажет. Саусақты TouchPad панелінен айналдыру аймағына жайлап сырғыту айналдыру функциясын белсендірмейді.

TouchPad әрекеттерін пайдалану

TouchPad панелі басқа TouchPad қимылдарын қолдайды. TouchPad қимылдарын белсендіру үшін, TouchPad панелінде екі бармақты төмендегі бөлімдерде сипатталғандай орналастырыңыз.


Қимылдарды қосу немесе ажырату үшін, хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ соңында орналасқан **Synaptics** белгішесін нұқып, **Отключить жесты** (Қимылдарды өшіру) құсбелгісін қойыңыз немесе алып тастаңыз. Арнайы қимылды қосу немесе өшіру үшін, **Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Аппарат және дыбыс) > Мышь (Тінтуір) > Параметры устройства (Құрылғы параметрлері) > Параметры (Параметрлер)** тармақтарын таңдап, қосылатын немесе ажыратылатын қимыл жанындағы құсбелгіні қойыңыз немесе алып тастаңыз.

Жылжу

Жылжу әрекеті бетте немесе суретте жылжу кезінде қажет әрекет. Жылжыту жолағы экранның соңында көрсетілгенде, ол бір жақтан басқасына жылжу үшін де пайдалы болады. Жылжу үшін 2 бармақты TouchPad панелінде орналастырып, оларды TouchPad панелінде жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа жылжытыңыз.



ЕСКЕРІМ: Жылжыту жылдамдығы саусақ жылдамдығы арқылы басқарылады.




Қысу

Қысу әрекеті PDF, суреттер және фотосуреттер сияқты элементтерде ірілеу не кішілеу мүмкіндігін береді.


Қысу үшін:

1. Ірілеу үшін екі бармақты қысып, TouchPad панелінде ұстаңыз, нысанның өлшемін ұлғайту үшін саусақтарды бөлек жылжытыңыз.
2. Ірілеу үшін екі бармақты қысып, TouchPad панелінде ұстаңыз, нысанның өлшемін кішілеу үшін саусақтарды бірге жылжытыңыз.



Бұру

Бұру әрекеті суреттер мен беттер сияқты элементтерді бұру мүмкіндігін береді. Бұру үшін бас бармақты TouchPad панелінде орналастырып, одан кейін сұқ бармақты шеңбер бойынша жылжытыңыз.



Меңзегіш құрылғының басымдықтарын орнату

Түймешік теңшелімі, басу жылдамдығы және меңзер параметрлері сияқты меңзегіш құрылғыларына арналған параметрлерді теңшеу үшін, Windows жүйесіндегі тінтуір параметрлерін қолданыңыз.


Тінтуір параметрлеріне кіру үшін **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Принтеры и другое оборудование (Принтерлер мен басқа аппараттар) > Мышь (Тінтуір)** пермендерін таңдаңыз.

пернетақтаны пайдалану







Пернетақтаның жоғарғы жағындағы **f1** мен **f12** пернелеріндегі белгішелер әрекет пернесі функцияларын бейнелейді.

ЕСКЕРІМ: Қолданылатын бағдарламаға байланысты **fn (1)** және әрекет пернелерінің бірін басу сол бағдарлама ішінде арнайы төте жазуды ашады.

Әрекет пернесі мүмкіндігі зауытта қосылған. Тағайындалған функцияны ([Орнату утилитасы \(BIOS\)107-бетте](#) бөлімінен қараңыз) белсендіру үшін, **fn** пернесі және әрекет пернелерінің бірін басу қажет етілетін орнату утилитасында осы мүмкіндікті ажыратуға болады.




Функция	Әрекет пернесі немесе жылдам перне
fn+esc	Жүйе аппаратының бөліктері және жүйедегі BIOS (негізгі кіру-шығу жүйесі) нұсқасының нөмірі туралы ақпаратты көрсету үшін, fn+esc (таңба идентификаторы 1 және 2) пернелер тіркесімін басыңыз.
?	Windows амалдық жүйесі мен компьютер, сұрақтарға жауаптар, оқулықтар мен компьютер үшін жаңартулар туралы ақпаратты қамтитын анықтама және қолдау орталығын ашу үшін, f1 пернесін басыңыз. Анықтама және қолдау орталығы да компьютер жұмысын тексерулерді, автоматты және бірлесіп әрекет ететін ақаулықтарды жою, шешімдерді түзету, жүйені қалпына келтіру үрдістері мен техникалық қолдау орталығына сілтемелерді береді.
	Экранның ашықтық деңгейін қадамдар бойынша кішірейту үшін f2 пернесін басып ұстап тұрыңыз.
	Экранның ашықтық деңгейін қадамдар бойынша ұлғайту үшін, f3 пернесін басып ұстап тұрыңыз.
	Компьютерге қосылған дисплей құрылғыларының арасында экран кескінін ауыстырып қосу үшін, f4 пернесін басыңыз. Мысалы, егер монитор компьютерге қосылған болса, осы перне басылғаннан кейін экран кескіні компьютер дисплейінен монитор дисплейіне ауыстырылып, компьютер мен монитордың екеуінде көрсетіледі. Сыртқы мониторлардың басым бөлігі компьютерден бейне апаратын сыртқы VGA бейне стандарты арқылы қабылдайды. f4 пернесі компьютерден бейне апаратын қабылдайтын басқа да құрылғылар арасында кескіндерді ауыстырып көрсете алады.
	Ықшам дискінің алдыңғы жолшығын, DVD немесе Blu-ray дискісінің (BD) алдыңғы бөлімін ойнату үшін, f5 пернесін басыңыз.
	Аудио ықшам дискісінің жолшығын, DVD немесе BD дискісінің бөлімін ойнату үшін, f6 пернесін басыңыз.

Функция	Әрекет пернесі немесе жылдам перне
	Ойнатылатын аудио ықшам дискісі, DVD немесе BD дискісін ойнатуды тоқтату үшін, f7 пернесін басыңыз.
	Аудио ықшам дискісінің келесі жолшығын немесе DVD не BD дискісінің келесі бөлімін ойнату үшін, f8 пернесін басыңыз.
	Үндеткіш дыбысын қадам бойынша төмендету үшін, f9 пернесін басып, ұстап тұрыңыз.
	Үндеткіш дыбысын қадам бойынша жоғарылату үшін, f10 пернесін басып, ұстап тұрыңыз.
	Үндеткіш дыбысын өшіру немесе қайта қалпына келтіру үшін, f11 пернесін басыңыз.
	Сымсыз мүмкіндікті қосу немесе өшіру үшін, f12 пернесін басыңыз. ЕСКЕРІМ: Бұл перне сымсыз қосылымды орнатпайды. Сымсыз қосылымды орнату үшін, сымсыз желі де орнатылуы қажет.

Пернетақталарды пайдалану

Компьютерде кірістірілген сандық пернетақта бар және ол қосымша сандық пернетақтаны немесе сандық пернетақтаны қамтитын қосымша пернетақтаны қолданады.



Бөлік	Сипаттама
(1) num lk пернесі	<p>Кірістірілген сандық пернетақтада шарлау және сандық функциялар арасында ауысады.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Компьютер өшірілген кезде белсенді болатын пернетақта функциясы компьютер кері қосылғанда қайта орнатылады.</p> <p>Қосулы: Пернетақтаның сандық функциясы қосулы.</p> <p>Өшірулі: Пернетақтаның шарлау функциясы қосулы.</p>
(2) Num lock шамы	Қосулы: Num lock қосулы.
(3) Кірістірілген сандық пернетақта	Сыртқы сандық пернетақтадағы пернелер сияқты қолданылуы мүмкін.

Қосымша сыртқы сандық пернетақтаны қолдану

Көптеген сыртқы сандық пернетақталардағы пернелер num lock қызметінің қосулы немесе өшірулі болуына байланысты әртүрлі қызмет атқарады. (Num lock зауытта ажыратылады.)
Мысалы:

- num lock қосулы болғанда, көптеген пернетақта пернелері сандарды тереді.
- num lock өшірулі болғанда, көптеген пернетақта пернелері көрсеткі, page up немесе page down пернелері сияқты жұмыс істейді.

Сыртқы пернетақта қосулы болғанда, num lock қосулы болса, компьютердегі num lock шамы да жанып тұрады. Сыртқы пернетақта өшірулі болғанда, num lock қосулы болса, компьютердегі num lock шамы да өшіріліп тұрады.

Жұмыс істегенде сыртқы пернетақтадағы num lock пернесін қосу немесе өшіру үшін:

- ▲ Компьютерде емес, сыртқы пернетақтада [num lk](#) пернесін басыңыз.

TouchPad панелін және пернетақтаны тазалау

TouchPad сенсорлы панеліндегі кір және май көрсеткінің экранда жылжуына әкеліп соғуы мүмкін. Көрсеткінің экранда тәртіпсіз жылжуына жол бермеу үшін TouchPad панелін сулы матамен тазалаңыз және компьютерді пайдаланған кезде қолдарыңызды жүйелі түрде жуыңыз.

- ⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогының соғуы немесе ішкі бөліктерге зиян келтіру қаупін азайту үшін пернетақтаны тазалауға шаңсорғыш бөліктерін пайдаланбаңыз. Шаңсорғышпен тазалағаннан кейін пернетақта бетінде шаң қалуы мүмкін.

Пернелердің жабысып қалуын болдырмау үшін пернетақтаны және шаң мен пернелердің астында қалатын басқа да заттарды әрқашан тазалап отырыңыз. Пернелердің жаны мен астында орналасқан шаңды тазалау үшін қысылған ауамен пернетақтаны үріңіз.



4 Мультимедиа

Мультимедиа мүмкіндіктері


Музыканы тыңдауға, киноларды қарауға және суреттерді қарауға мүмкіндік беретін компьютерде мультимедиалық мүмкіндіктер қамтылған. Компьютерде төмендегідей мультимедиа бөліктері болуы мүмкін:

- Аудио және бейне дискілерін ойнатуға арналған оптикалық диск
- Музыка тыңдауға арналған кірістірілген үндеткіштер
- Өз аудио файлыңызды жазуға арналған кірістірілген микрофон
- Аудио және бейне файлдарын жазуға мүмкіндік беретін кірістірілген веб-камера
- Музыканы, киноларды және суреттерді ойнатуға және басқаруға мүмкіндік беретін алдын ала орнатылған мультимедиалық бағдарламалық құрал
- Мультимедиалық тапсырмаларға жедел кіру мүмкіндігін беретін мультимедиалық әрекет пернелері



ЕСКЕРІМ: Компьютерде барлық тізімделген бөліктердің қамтылмауы мүмкін.

Мультимедиалық бөліктерді анықтау

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютеріңіз осы бөлімде көрсетілгеннен аздап басқаша көрінуі мүмкін.



Бөлік	Сипаттама
(1) Ішкі микрофон	Дыбысты жазады.
(2) Веб-камера (тек таңдаулы модельдерде)	Бейнені жазады және бар суреттерді түсіреді.
(3) Веб-камера шамы (тек таңдаулы модельдерде)	Ақ: Веб-камера қолданыста.
(4) Дыбысты төмендету әрекет пернесі (f9)	Үндеткіш дыбысын төмендетеді.
(5) Дыбысты жоғарылату әрекет пернесі (f10)	Үндеткіш дыбысын жоғарылатады.
(6) Дыбысты өшіру әрекет пернесі (f11)	Үндеткіш дыбысын өшіреді немесе қайта қосады.
(7) Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.
(8) Аудио шығыс (гарнитура) ұясы	Қосымша тоққа қосылатын стерео үндеткіштерге, құлақаспаптарға, тығын тәріздес құлақаспаптарға, гарнитураға не теледидар дыбысына қосылған кезде дыбыс шығарады. АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Жеке басқа зақым келтіру қаупін азайту үшін, құлақаспаптарды, тығын тәріздес құлақаспаптарды, гарнитураны киместен бұрын дыбысты лайықтаңыз. Қосымша қауіпсіз ақпаратты <i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертулер</i> бөлімінен қараңыз.
(9) Аудио кіріс (микрофон) ұясы	Қосымша компьютердің гарнитура микрофоны, стереомикрофонды немесе моно микрофонды қосады. ЕСКЕРІМ: Құрылғы гарнитура ұясына қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.

Дыбысты реттеу

Төмендегі басқару элементтерін қолдану арқылы дыбысты реттеуге болады:

- Әрекет пернелері:
 - Үндеткіш дыбысын өшіру немесе қайта қалпына келтіру үшін, **f11** пернесін басыңыз.
 - Үндеткіш дыбысын қадам бойынша төмендету үшін, **f9** пернесін басып, ұстап тұрыңыз.
 - Үндеткіш дыбысын қадам бойынша жоғарылату үшін, **f10** пернесін басып, ұстап тұрыңыз.
- Windows жүйесінің дыбысты басқару элементі:
 - a. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Динамики** (Үндеткіштер) белгішесін нұқыңыз.
 - b. Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету үшін, сырғытпаны жоғары не төмен жылжытыңыз. Дыбысты өшіру үшін, **Отключить звук динамиков** (Үндеткіштердің дыбысын өшіру) белгішесін нұқыңыз.

– немесе –

- a. Хабарландыру аймағында **Динамики** (Үндеткіштер) белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Открыть миксер звука** (Дыбысты реттегішті ашу) түймешігін басыңыз.
- b. **Үндеткіштер** бағанында слайдерді жоғары немесе төмен жылжыту арқылы дыбысты көбейтуге немесе бәсеңдетуге болады. **Отключить звук динамиков** (Үндеткіштердің дыбысын өшіру) белгішесін нұқу арқылы дыбысты өшіруге болады.

Хабарландыру аймағында **Динамики** (Үндеткіштер) белгішесін көрсетілген болмаса, қосу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:


- a. **Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін (көрсеткі хабарландыру аймағының сол жағында болады) тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
 - b. **Настройка значков уведомления** (Хабарландыру белгішелерін теңшеу) пәрменін таңдаңыз.
 - c. **Режим работы** (Жұмыс істеу күйі) параметрінің астынан дыбыс белгішесі үшін **Показать значки и уведомления** (Белгіше мен хабарландыруларды көрсету) түймешігін басыңыз.
 - d. **ОК** түймешігін басыңыз.
- Дыбысты басқару элементін бағдарламалау:

Дыбыс кейбір бағдарламалардың ішінде де реттеледі:

Медиа белсенділігі функцияларын қолдану

Медиа белсенділігі әрекет пернелері оптикалық дискідегі аудио ықшам дискіні, DVD немесе BD (Blu-ray дискі) дискілерінің ойнату әрекетін басқарады.

Медиа белсенділігі әрекет пернелерін қолдану



Аудио ықшам дискі, DVD немесе BD дискілері ойнатылмаған кезде, дискіні ойнату үшін, **f6 (2)** пернесін басыңыз.

Аудио ықшам дискі, DVD немесе BD дискілері ойнатылған кезде, төмендегі әрекет пернелерін пайдаланыңыз:

- Ықшам дискінің алдыңғы жолшығын, DVD немесе (BD) дискісінің алдыңғы бөлімін ойнату үшін, **f5 (1)** пернесін басыңыз.
- Дискіні ойнатуды тоқтата тұру немесе жалғастыру үшін, **f6 (2)** пернесін басыңыз.
- Дискіні ойнатуды тоқтата үшін, **f7 (3)** пернесін басыңыз.
- Ықшам дискінің келесі жолшығын, DVD немесе BD дискісінің келесі бөлімін ойнату үшін, **f8 (4)** пернесін басыңыз.

Мультимедиа бағдарламалық құралдары

Музыканы тыңдауға, киноларды қарауға және суреттерді қарауға мүмкіндік беретін компьютерде алдын ала орнатылған мультимедиа бағдарламалық құралы қамтылады. Төмендегі бөлімдер CyberLink PowerDVD және басқа алдына ала орнатылған мультимедиа бағдарламалық құрал туралы толық деректерді береді.

CyberLink PowerDVD бағдарламалық құралын қолдану

CyberLink PowerDVD бағдарламасы компьютерді мобильді ойын-сауық орталығына айналдырады. CyberLink PowerDVD бағдарламасы арқылы музыканы тыңдауға және DVD дискілеріндегі фильмдерді қарауға болады.


CyberLink PowerDVD бағдарламасын іске қосу үшін, **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > CyberLink PowerDVD 8** тармақтарын таңдаңыз.

CyberLink PowerDVD пайдалану туралы қосымша ақпаратты бағдарламалық құралдың Справка (Анықтама) бөлімінен қараңыз.

Басқа да алдын ала орнатылған мультимедиа бағдарламалық құралын пайдалану

Басқа да алдын ала орнатылған мультимедиа бағдарламалық құралын орналастыру:


▲ **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар)** параметрлерін таңдаңыз, одан кейін пайдаланылатын мультимедиа бағдарламасын ашыңыз. Мысалы, аудио ықшам дискісін ойнату үшін Windows медиа ойнатқышын қолданғыңыз келсе, **Проигрыватель Windows Media (Windows медиа ойнатқышы)** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір бағдарламалар бағыныңқы қалталарда орналасуы мүмкін.

Мультимедиа бағдарламалық құралдарын дискіден орнату

Кез келген мультимедиа бағдарламалық құралын ықшам дискіден немесе DVD дискісінен орнату үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Дискіні оптикалық диск жетегіне енгізіңіз.
2. Орнату шебері ашылғаннан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Егер хабар түссе, компьютерді қайта бастаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Компьютермен жеткізілетін бағдарламалық құралдарды пайдалану туралы толық ақпарат алу үшін, бағдарламалық құралдар анықтамасында, дискіде немесе өндірушінің веб-торабында қамтамасыз етілуі мүмкін бағдарламалық құралды өндірушінің нұсқауларын қараңыз.

Аудио

Компьютер аудио мүмкіндіктерінің көбін пайдалануға мүмкіндік береді:


- Музыканы компьютер үндеткіштері және/немесе қосылған сыртқы үндеткіштер арқылы тыңдау.
- Дыбысты ішкі микрофон немесе қосылған сыртқы микрофон арқылы жазу.
- Интернеттен музыканы жүктеу.
- Мультимедиа көрсетілімдерін аудио және кескіндерді пайдалану арқылы жасау.
- Шұғыл хабарлама жіберу бағдарламасы арқылы дыбыс және кескіндерді беру.
- Радио бағдарламаларды қабылдау (тек таңдаулы модельдерде) немесе FM радио сигналдарын қабылдау.
- Аудио ықшам дискілерін жасау (жазу).

Сыртқы аудио құрылғыларын қосу

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Жеке басқа зақым келтіру қаупін азайту үшін, құлақаспаптарды, тығын тәріздес құлақаспаптарды, гарнитураны киместен бұрын дыбысты лайықтаңыз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертулер* бөлімінен қараңыз.

Сыртқы үндеткіштер, құлақаспаптар немесе микрофон сияқты сыртқы құрылғыларды қосу үшін, құрылғымен бірге берілген ақпаратты қараңыз. Жақсы нәтиже алу үшін, келесі кеңестерді есте сақтаңыз:

- Құрылғы кабелі компьютердегі сәйкес ұяға қауіпсіз жалғанғанын тексеріңіз. Компьютердегі сәйкес ұяларға сәйкестендіру үшін, кабель қосқыштары қалыпты түсті кодпен таңбаланған.
- Сыртқы құрылғыға қажет драйверлерді орнатқаныңызды тексеріңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Драйвер құрылғы қолданатын бағдарламалар мен құрылғы арасындағы аудармашы сияқты қажетті бағдарлама.

Аудио функцияларын тексеру


Компьютердегі жүйе дыбысын тексеру үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы)** тармақтарын таңдаңыз.
2. **Оборудование и звук (Аппарат және дыбыс)** параметрін таңдаңыз.
3. **Звук (Дыбыс)** пәрменін таңдаңыз.
4. Дыбыс терезесі ашылғанда, **Звуки (Дыбыстар)** қойындысын нұқыңыз. **Программные события (Бағдарламалар оқиғалары)** параметрі астынан дыбыс белгісі немесе дыбыс беру сияқты дыбыс оқиғасын таңдап, **Тест (Сынақ)** түймешігін басыңыз.

Дыбысты үндеткіштер немесе қосылған құлақаспаптар арқылы естуіңіз қажет.

Компьютердің жазу функцияларын тексеру үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Стандартные (Керек-жарақтар) > Устройство звукозаписи (Дыбысты жазу құрылғысы)** тармақтарын таңдаңыз.
2. **Начинать запись (Жазуды бастау)** түймешігін басып, микрофонмен сөйлеңіз. Файлды жұмыс үстеліне сақтаңыз.
3. Windows медиа ойнатқышын немесе CyberLink PowerDVD бағдарламасын ашып, дыбысты қайта ойнатыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жазу кезінде жақсы нәтиже алу үшін, микрофонға тікелей сөйлеп, артқы шу жоқ параметрде дыбысты жазыңыз.

Компьютерде аудио параметрлерін өзгерту немесе растау үшін, **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Аппарат және дыбыс) > Звук (Дыбыс)** тармақтарын таңдаңыз.

Бейне


Компьютер бейне мүмкіндіктерінің көбін пайдалануға мүмкіндік береді:

- Фильмдер көру.
- Интернет арқылы ойындар ойнау.
- Суреттер мен бейне өңдеу және көрсетілімдер жасау.
- Сыртқы бейне құрылғыларын жалғау.

HDMI құрылғысын қосу (тек таңдаулы модельдерде)


Таңдаулы компьютер модельдерінде HDMI (Ажыратымдылығы жоғары мультимедиа тілдесуі) порты бар. HDMI порты компьютерді ажыратымдылығы жоғары теледидар сияқты қосымша бейне не аудио құрылғысына немесе кез келген сыйысымды сандық не аудио бөлікке қосады.

Компьютер тек HDMI портына қосылған тек бір HDMI құрылғысына қолдау көрсетеді, сол кезде ретімен компьютер дисплейіндегі суретке немесе кез келген сыртқы дисплейге қолдау көрсетеді.

 **ЕСКЕРІМ:** HDMI порты арқылы бейне сигналдарын тасымалдау үшін, көптеген электрондық заттарды сатушыларда болатын HDMI кабелін (бөлек сатылады) алу қажет.

Бейне немесе аудио құрылғысына HDMI портын қосу үшін:

1. HDMI кабелінің бір ұшын компьютердегі HDMI портына жалғаңыз.



2. Кабельдің басқа ұшын құрылғыны өндірушінің нұсқауларына сәйкес бейне құрылғысына жалғаңыз.
3. Компьютерге қосылған дисплей құрылғыларының арасында суретті ауыстырып қосу үшін, компьютерде **f4** пернесін басыңыз.

Аудио құрылғысын HDMI үшін теңшеу (тек таңдаулы модельдерде)

HDMI аудио құрылғысын теңшеу үшін, алдымен жоғары ажыратымдылықты теледидар сияқты аудио немесе бейне құрылғысын компьютердегі HDMI портына қосыңыз. Одан кейін әдепкі дыбысты ойнату құрылғысын төмендегідей теңшеңіз:

1. Хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ соңында орналасқан **Динамики** (Үндеткіштер) белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Устройства воспроизведения** (Ойнату құрылғылары) қойындысын нұқыңыз.
2. **Воспроизведение** (Ойнату) қойындысында **Цифровой выход** (Сандық шығыс) немесе **Цифровое устройство вывода (HDMI)** (Сандық шығыс құрылғысы (HDMI)) параметрлерін таңдаңыз.
3. **Установить по умолчанию** (Әдепкі бойынша орнату) түймешігін, одан кейін **ОК** түймешігін басыңыз.

Дыбысты компьютер үндеткіштеріне қайтару үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ соңында орналасқан **Динамики** (Үндеткіштер) белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Устройства воспроизведения** (Ойнату құрылғылары) қойындысын нұқыңыз.
2. **Воспроизведение** (Ойнату) қойындысында **Динамики** (Үндеткіштер) түймешігін басыңыз.
3. **Установить по умолчанию** (Әдепкі бойынша орнату) түймешігін, одан кейін **ОК** түймешігін басыңыз.

Оптикалық жинақтағыш диск

DVD-ROM драйвері сияқты оптикалық диск жетегі оптикалық дискілерді (ықшам дискілер және DVD) ойнатады. Бұл дискілер музыка, фотосуреттер және кинолар сияқты ақпаратты сақтайды. Ықшам дискілермен салыстырғанда, DVD дискілерінің сыйымдылығы жоғарырақ болады.


Оптикалық драйвер стандартты ықшам дискілер мен DVD дискілерін оқи алады. Егер оптикалық диск жетегі Blu-ray Disc ROM жетегі болса, ол тек қана Blu-ray дискілерін оқиды.

Оптикалық диск жетегін пайдалану туралы қосымша ақпаратты [Оптикалық жинақтағыш диск 77-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

Веб-камера (тек таңдаулы модельдерде)


Компьютерде дисплейдің үстіңгі жағында орналасқан кірістірілген веб-камера болуы мүмкін. Веб-камера – бейнелерді түсіріп, ортақ пайдалануға мүмкіндік беретін кіріс құрылғысы. Алдын ала орнатылған CyberLink YouCam бағдарламалық құралы веб-камера тәжірибесін кеңейтетін жаңа мүмкіндіктерді береді.

Веб-камераны және CyberLink YouCam бағдарламалық құралын қолдану үшін, **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > CyberLink YouCam > CyberLink YouCam** тармақтарын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** YouCam бағдарламалық құралын алғаш рет пайдаланғанда, бағдарламалық құрал жүктеулері себебінен қысқа уақыт күтуіңіз мүмкін.

Веб-камера бағдарламалық құралы сияқты YouCam құралын пайдалану төмендегі мүмкіндіктердің пайдасын көруге мүмкіндік береді:


- Бейне—Веб-камера бейнесін жазады және ойнатады. Сондай ақ бағдарламалық құрал интерфейсында орналасқан белгішені пайдалану арқылы YouTube торабына электронды пошта жіберуге немесе бейнені жүктеуге болады.
- Ағынды бейне—Шұғыл хабарлама бағдарламасын ашқан кезде, YouCam сурет әсерлерін қосуға мүмкіндік беретін икемделгіш құралдар тақтасын көрсетеді.
- Арнайы әсерлер—Суретке немесе бейнеге жақтаулар, сүзгілер және смайликтер қосады.
- Суреттер—Жылдам ретте жалғыз жақтауды немесе веб-камера кадрындағы "буманы" алады.
- Қосылу—Бағдарламалық құрал интерфейсындағы белгішені қолдану арқылы суреттер мен бейнені электрондық пошта арқылы жібереді.

 **ЕСКЕРІМ:** Веб-камера бағдарламалық құралдарды пайдалану туралы толық ақпарат алу үшін, дискідегі бағдарламалық құралмен қоса немесе өндірушінің веб-торабында қамтамасыз етілген болуы мүмкін, бағдарламалық құралды өндірушінің нұсқауларын қараңыз.

Веб-камера туралы кеңестер

Оптималды өнімділік үшін веб-камераны қолданған кезде төмендегі нұсқауларды сақтаңыз:

- Бейне арқылы сөйлесуді бастамас бұрын шұғыл хабарлама бағдарламасының соңғы нұсқасының болуын тексеріңіз.
- Кейбір желіаралық қалқандарға байланысты веб-камера дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Біреуге немесе басқа LAN желісіне не желіаралық қалқаннан тыс мультимедиа файлдарын қарап шығу немесе жіберу ақауы туындаса, қалқанды уақытша ажыратып, орындалатын тапсырманы орындап, қалқанды қайта қосыңыз. Ақаулықты жылдам шешу үшін, қажетінше қалқанды қайта теңшеп, басқа қарастырылмаған жағдайды айқындау жүйелерінің саясаттары мен параметрлерін реттеңіз.

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Қауіпсіздік қалқан ажыратылған кезде уақытша қауіпке ұшырайды.

Веб-камера сипаттарын реттеу

Кірістірілген камераны қолданатын әртүрлі бағдарламалардан, әдетте теңшеу, параметрлер немесе сипаттар мәзірі, қол жетімді болатын сипаттар тілқатысу терезесін қолдану арқылы веб-камера сипаттарын реттеуге болады.

- **Жарықтық**—Суретке кірістірілетін жарықтың көлемін басқарады. Жоғары ашықтық параметрі ашық суретті, ал төмен ашықтық параметрі қоңыр суретті жасайды.
- **Контраст**—Суреттегі ашық және қоңыр аймақтар арасындағы айырмашылықты басқарады. Жоғары контраст параметрі суретті үдетеді, ал төмен контраст параметрі тәлтума ақпараттың динамикалық ауқымының көбін жасайды, бірақ тегіс суретті береді.
- **Реңк**—Басқа түстен алынған (түсті қызыл, жасыл немесе көк ететін) түс әсерін басқарады. Реңк қанықтықтан басқа, ол реңктің ашықтығын өлшейді.
- **Қанықтық**—Ақырғы суреттегі түстің нақтылығын басқарады. Жоғары қанықтық параметрі қанық суретті, ал төмен қанықтық параметрі биязы суретті жасайды.
- **Анықтық**—Ақырғы суреттегі түстің анықтылығын басқарады. Жоғары анықтық параметрі анығырақ суретті, ал төмен анықтық параметрі болмашы суретті жасайды.
- **Гамма**—Суреттің аралық өңінің ортаңғы деңгейлі сұрылық контраст әсерлерін басқарады. Суреттің гаммасын реттеу көлеңкелер мен бөлектеулер сияқты әсерлі өзгертуді болдырмай, сұр өңдердің ортаңғы ауқымының ашықтық мәндерін өзгертуге мүмкіндік береді. Төменгі гамма параметрлері сұры түстерді қоңыр етеді және қоңыр түстерді қара етеді.
- **Артқы жарықты компенсациялау**—Кесінді немесе силуэт сияқты анық емес өңнің үлкен ауқымы бар тақырып жағдайларында орнын толтырады.


Веб-камераны қолдану туралы қосымша ақпаратты алу үшін, **Пуск** (Бастау) > **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) тармақтарын таңдаңыз.


Ақаулықтарды жою

Төмендегі бөлімдер бірнеше жалпы мәселелер мен олардың шешімдерін сипаттайды.

Оптикалық жинағыш диск ықшам диск, DVD немесе BD дискілерін шығару үшін ашылмайды.

1. Қағаз қыстырғыштың (1) ұшын драйвердің алдыңғы ұясындағы шығару мүмкіндігіне кірістіріңіз.
2. Жинақтағыш диск шыққанша қағаз қыстырғышты жайлап басып, ол тоқтағанша науаны (2) алға тартыңыз.
3. Дискінің сыртқы ойығымен көтеріп жатқанда, білікті жайлап басу арқылы науадан дискіні (3) шығарыңыз. Дискіні ойығымен ұстаңыз және тегіс беттерін ұстамаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Науа толығымен қол жетімді болмаса, дискіні абайлап оны ашып жатқандай иілдіріңіз.



4. Диск науасын жауып, дискіні қорғаныс қалтасына салыңыз

Дискі автоматты түрде ойнатылмайды

1. **Пуск (Бастау) > Программы по умолчанию (Әдепкі бағдарламалар) Изменить параметры автоматического проигрывания (Авто ойнату параметрлерін өзгерту)** тармақтарын таңдаңыз.
2. **Использовать автоматическое проигрывание для всех медиа файлов и устройств (Авто ойнатуды барлық медиа файлдары және құрылғылары үшін қолдану)** құсбелгісінің қойылғанын растаңыз.
3. **Сохранить (Сақтау)** түймешігін басыңыз.


Ықшам дискі, DVD немесе BD дискілері оптикалық жинақтағыш дискіге кірістірілгенде қазір автоматты түрде басталу қажет.

DVD киносы тоқтайды, өткізіп жібереді немесе тұрақсыз ойнатылады

- Дискіні тазалаңыз.
- Төмендегі ұсыныстарды орындау арқылы жүйе ресурстарын сақтаңыз:
 - Интернеттен шығыңыз.
 - Жұмыс үстелінің түс сипаттарын өзгертіңіз:
 1. Компьютер жұмыс үстелінің бас аймағында тінтуірдің оң жақ түймешігін басып, **Разрешение экрана** (Экран ажыратымдылығы) параметрін таңдаңыз.
 2. **Дополнительные параметры (Қосымша параметрлер) > Монитор** (Монитор) қойындысын нұқыңыз.
 3. Параметр әлі таңдалмаған болса, **Высококачественный цвет (16 бит)** (Жоғары сапалы түс (16 бит)) тармағын таңдаңыз.
 4. **ОК** түймешігін басыңыз.
 - Принтер, сканер, камера немесе тасымалданатын құрылғы сияқты сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.

DVD киносы сыртқы дисплейде көрінбейді

1. Компьютер дисплейі және сыртқы дисплей де екеуі бірдей қосылған болса, екі дисплейлер арасында ауысу үшін, **f4** пернесін бір немесе бірнеше рет басыңыз.
2. Сыртқы дисплейді бастапқы ету үшін, монитор параметрлерін теңшеңіз:
 - a. Компьютер жұмыс үстелінің бас аймағында тінтуірдің оң жақ түймешігін басып, **Разрешение экрана** (Экран ажыратымдылығы) параметрін таңдаңыз.
 - b. Негізгі дисплей мен қосалқы дисплейді көрсетіңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Екі дисплейді де қолданғанда, DVD суреті қосалқы дисплей ретінде тағайындалған дисплейдің ешбірінде көрінбейді.

Осы нұсқауда берілмеген мультимедиа сұрағы туралы ақпаратты алу үшін, **Пуск (Бастау)> Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) бөліміне өтіңіз.

Дискіні көшіру үрдісі басталған жоқ немесе аяқталмас бұрын тоқтатылды

- Барлық басқа бағдарламалардың жабылғанын тексеріңіз.
- Ұйқы күйі мен күту күйін өшіріңіз.
- Диск жетегі үшін дискінің дұрыс түрі пайдаланылғанын тексеріңіз ([Дұрыс дискіні \(ықшам дискілер, DVD және BD дискілері\) таңдау 79-бетте](#) бөлімін қараңыз).
- Дискінің дұрыс салынғанын тексеріңіз.
- Жай жазу жылдамдығын таңдап, әрекетті қайталаңыз.


- Дискіні көшіріп жатқан болсаңыз, мазмұнды жаңа дискіге көшірмес бұрын бастапқы дискідегі ақпаратты қатты дискіге сақтап, одан кейін қатты дискіден көшіріңіз.
- Device Manager құралындағы DVD/CD-ROM драйверлерінде орналасқан дискіні көшіру құрылғысының драйверін қайта орнатыңыз.

Windows медиа ойнатқышында ойнатылатын DVD диск ешбір дыбыс шығармайды немесе көрсетілмейді

DVD дискіні ойнату үшін, CyberLink PowerDVD бағдарламасын пайдаланыңыз. CyberLink PowerDVD компьютерде орнатылған және <http://www.hp.com> мекенжайындағы HP веб-торабынан да қол жетімді.

Құрылғы драйверін қайта орнату қажет.

1. Оптикалық диск жетегінен барлық дискілерді алып тастаңыз.
2. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) тармақтарын таңдаңыз. Одан кейін Система (Жүйе) аймағында **Диспетчер устройств** (Құрылғылар реттеушісі) параметрін таңдаңыз.
3. Диспетчер устройств (Құрылғылар реттеушісі) терезесінде жойылатын драйвердің түрінің қасындағы көрсеткіні нұқыңыз және қайта орнатыңыз (мысалы, DVD/CD-ROM, модемдер және т.б.).
4. Құрылғы тізімін тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Удалить** (Жою) түймешігін басыңыз. Ескертілгенде құрылғыны жою қажеттігін, бірақ компьютерді қайта іске қосудың қажет еместігін растаңыз. Жойылатын әрбір басқа драйверлер үшін қайталаңыз.
5. Диспетчер устройств (Құрылғылар реттеушісі) терезесінде **Действие** (Әрекет) параметрін тандап, **Изменить конфигурацию оборудования** (Аппараттардың өзгерістерін тексеру) тармағын таңдаңыз. Windows орнатылған аппарат үшін жүйені тексеріп, драйверлерді қажет ететін құрылғылардың кез келгені үшін әдепкі драйверлерді орнатады.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютерді қайта іске қосу туралы ескертілгенде, барлық ашық файлдарды сақтап, қайта іске қосуды жалғастырыңыз.

6. Қажет болса, құрылғылар реттеушісін қайта ашып, драйверлердің қайтадан тізімделетінін тексеріңіз.
7. Өз құрылғыңызды пайдаланып көріңіз.

Егер құрылғы драйверлерін жою және қайта орнату ақаулықты түзетпесе, келесі бөлімдердегі үрдістерді қолдану арқылы драйверлерді жаңарту керек болуы мүмкін.

Ең соңғы HP құрылғы драйверлерін алу

1. Интернет шолғышын ашып, <http://www.hp.com/support> торабына өтіңіз, одан кейін қажетті ел немесе аймақты таңдаңыз.
2. Драйверлер мен бағдарламалық құралдарды жүктеп алу құсбелгісін қойып, іздеу жолағында компьютер үлгісінің нөмірін теріп, **enter** пернесін басыңыз.
3. Үлгілер тізімінен қажетті өнімді таңдаңыз.
4. Windows 7 амалдық жүйесін таңдаңыз.

5. Драйверлер тізімі көрсетілгеннен кейін қосымша ақпарат қамтылған терезені ашу үшін жаңартылған драйверді нұқыңыз.
6. Жаңартылған драйверді орнату үшін, **Установить сейчас** (Қазір орнату) түймешігін басыңыз.



ЕСКЕРІМ: Кейбір орындарда драйверді жүктеп алып, оны кейін орнатуға болады. Солай жасау үшін, файлды компьютерде сақтау мақсатында, **Только загрузить** (Тек жүктеп алу) пәрменін таңдаңыз. Ұсынылғаннан кейін **Сохранить** (Сақтау) түймешігін басып, қатты дискідегі сақтау орнын таңдаңыз. Файл жүктелгеннен кейін файл сақталған қалтаны табыңыз және орнату үшін файлды екі рет нұқыңыз.


7. Егер ескертілсе, драйверді орнату аяқталғаннан кейін компьютерді қайта іске қосыңыз да, құрылғының жұмысын тексеріңіз.

Ең соңғы Windows құрылғы драйверлерін алу

Windows Update бағдарламасын қолдану арқылы Windows құрылғысы драйверлерінің ең соңғы нұсқасын алуға болады. Бұл мүмкіндік Windows амалдық жүйесі мен басқа Microsoft өнімдері үшін тексеруді және жаңартуларды орнатуды автоматты түрде орната алады.

Windows Update бағдарламасын пайдалану үшін:

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Windows Update** тармақтарын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows Update бағдарламасын бұрын орнатпаған болсаңыз, жаңартуларды тексермес бұрын параметрлерді енгізу ескертілуі мүмкін.

2. **Проверка обновлений (Жаңартуларды тексеру)** параметрін таңдаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

5 Қуатты басқару

Қуат параметрлерін орнату

Қуатты үнемдеу күйлерін пайдалану

Компьютерде зауытта қосылған екі қуатты үнемдеу күйі бар: Ұйқы күйі және күту күйі.

Ұйқы күйі қосылғанда, қуат шамдары жыпылықтап, экран тазарады. Жұмыс жадқа сақталады және бар күту күйіне қарағанда ұйқы күйінен шығу жылдамырақ. Компьютер ұзақ мерзім үшін ұйқы күйінде болғанда немесе ұйқы күйі кезінде батарея өте төмен деңгейге жеткенде, компьютер күту күйіне қосылады.

Күту күйі қосылғанда, жұмыс қатты дискідегі күту файлына сақталады және компьютер өшіріледі.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Аудио және видео файлдарының мүмкін төмендеулерін, аудио немесе видео ойнату жұмысының жоғалуын немесе ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, дискіден не сыртқы медиа картасынан оқу немесе оған жазу кезінде ұйқы немесе күту күйін қоспаңыз.
- 📝 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер ұйқы күйінде немесе күту күйінде болғанда, желі қосылымының кез келген түрін қосуға немесе компьютердің кез келген жұмысын орындай алмайсыз.

Ұйқы күйін қосу және одан шығу

Батареяның қуаты іске қосылғанда, жүйе зауытта белсенді болмаудың 15 минутында және сыртқы қуатпен іске қосылғанда, белсенді болмаудың 30 минутында ұйқы күйіне қосылуға орнатылған.

Қуат параметрлері мен үзілістерді Windows® басқару тақтасындағы қуат параметрлерін қолдану арқылы өзгертуге болады.


Компьютер қосулы болғанда келесі жолдардың кез келгенін қолданып ұйқы күйін қосуға болады:

- Қуат түймешігін аз уақыт басыңыз.
- Дисплейді жабыңыз.
- **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) түймешігіне жақын орналасқан көрсеткіні нұқып, одан кейін **Спящий режим** (Ұйқы) түймешігін басыңыз.

Келесі жолдардың кез келгені арқылы ұйқы күйінен шығуға болады:

- Қуат түймешігін аз уақыт басыңыз.
- Дисплей жабық болғанда, дисплейді ашыңыз.
- Пернетақтадағы пернені немесе қашықтан басқарудағы түймешікті басыңыз.
- TouchPad құрылғысын белсендіру

Компьютер ұйқы күйінен шыққанда, қуат шамы қосылады және экран жұмыс істеуді аяқтаған жерге қайтарылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Оянғанда құпия сөздің сұралуын орнатқан болсаңыз, жұмысыңыз экранға қайтарылғанша Windows құпия сөзін теру қажет.

Күту күйін қосу және одан шығу

Жүйе зауытта екі бірдей батарея қуатында және сыртқы қуатта іске қосылғанда немесе батарея өте төмен батарея деңгейіне жеткенде, белсенді болмаудың 1 080 минут (18 сағат) уақытынан кейін күту күйіне қосылуға орнатылған.

Қуат параметрлері мен үзілістерді Windows басқару тақтасындағы қуат параметрлерін қолдану арқылы өзгертуге болады.


Күту күйін қосу үшін:

- ▲ **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) түймешігіне жақын орналасқан көрсеткіні нұқыңыз, одан кейін **Перейти в ждущий режим** (Күту күйіне өту) белгішесін нұқыңыз.

Күту күйінен шығу үшін:

- ▲ Қуат түймешігін аз уақыт басыңыз.

Қуат шамы қосылады және экран жұмыс істеуді аяқтаған жерге қайтарылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Оянғанда құпия сөздің сұралуын орнатқан болсаңыз, жұмысыңыз экранға қайтарылғанша Windows құпия сөзін теру қажет.

Батарея санауышын пайдалану

Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан батарея санауышын таңдаңыз. Батарея санауышы қуат параметрлерін тез кіруге, қалған батарея зарядын қарауға және басқа қуат жоспарын таңдауға мүмкіндік береді.

- Қалған батарея зарядының пайызын және ағымдағы қуат жоспарын көрсету үшін, батарея санауышының белгішесінде меңзерді жылжытыңыз.
- Қуат параметрлерін кіру немесе қуат жоспарын өзгерту үшін, батарея санауышы белгішесін нұқып, тізімнен элементті таңдаңыз.

Өртүрлі батарея санауышының белгішелері компьютердің батарея немесе сыртқы қуат арқылы іске қосылғанын көрсетеді. Белгіше батарея өте төмен батарея деңгейіне жеткенде хабарламаны немесе батарея деңгейінің қорын көрсетеді.

Батарея санауышының белгішесін жасыру немесе көрсету үшін:

1. **Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін (көрсеткі хабарландыру аймағының сол жағында болады) тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
2. **Настройка значков уведомления** (Хабарландыру белгішелерін теңшеу) пәрменін таңдаңыз.
3. Өрекеттер астынан қуат белгішесі үшін, **Показать значки и уведомления** (Белгіше мен хабарландыруларды көрсету) түймешігін басыңыз.
4. **OK** түймешігін басыңыз.

Қуат жоспарын пайдалану

Қуат жоспары компьютердің қуатты пайдалану жолын басқаратын жүйе параметрлерінің жинағы. Қуат жоспарлары қуатты үнемдеуге немесе жұмысты арттыруға көмектесуі мүмкін.

Қуат жоспары параметрлерін өзгертуге немесе өз қуат жоспарыңызды жасауға болады.

Ағымдағы қуат жоспарын қарап шығу

- ▲ Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан батарея санауышы белгішесін нұқыңыз.

– немесе –

Пуск (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.

Өртүрлі қуат жоспарын таңдау

- ▲ Хабарландыру аймағында орналасқан батарея санауышы белгішесін нұқып, тізімнен қуат жоспарын таңдаңыз.

– немесе –

Пуск (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз және одан кейін тізімнен қуат жоспарын таңдаңыз.

Қуат жоспарын теңшеу

1. Хабарландыру аймағында орналасқан батарея санауышы белгішесін нұқып, **Дополнительные параметры электропитания** (Қосымша қуат параметрлері) параметрін таңдаңыз.
– немесе –
Пуск (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.
2. Қуат жоспарын таңдаңыз, одан кейін **Изменить параметры схемы питания** (Жоспар параметрлерін өзгерту) түймешігін басыңыз.
3. Қажетінше параметрлерді өзгертіңіз.
4. Қосымша параметрлерді өзгерту үшін, **Изменить дополнительные параметры питания** (Қосымша қуат параметрлерін өзгерту) тармағын таңдаңыз.

Оянғанда құпия сөзбен қорғауды орнату

Компьютер ұйқы немесе күту күйінен шыққанда, компьютерде құпия сөз сұралуын орнату үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ аумақта **Запрашивать пароль при пробуждении** (Оянғанда құпия сөз сұрау) тармағын таңдаңыз.
3. **Изменение параметров, недоступных в данный момент** (Қазіргі уақытта қол жетімді емес параметрлерді өзгерту) параметрін таңдаңыз.
4. **Запрашивать пароль (рекомендуется)** (Құпия сөз сұрау (ұсынылады)) параметрін таңдаңыз.
5. **Сохранить изменения** (Өзгертулерді сақтау) түймешігін басыңыз.

Сыртқы айнымалы ток қуатын пайдалану

Сыртқы айнымалы қуат төмендегі құрылғылардың бірі арқылы беріледі:

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Мүмкін сақтық шараларына қатысты мәселелерді болдырмау үшін, компьютермен қамтамасыз етілетін айнымалы ток адаптерін, HP қамтамасыз ететін ауыстырғыш айнымалы ток адаптерін немесе HP компаниясынан сатып алынған айнымалы ток адаптерін ғана пайдаланыңыз.

- Бекітілген айнымалы ток адаптері
- Қосымша кеңейту өнімі

Төмендегі жағдайлардың кез келгенінде компьютерді сыртқы айнымалы ток қуатына қосыңыз:

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ұшақ бортында болғанда компьютер батареясын зарядтаңыз.

- Батареяны зарядтағанда немесе тексергенде
- Жүйе бағдарламалық құралын орнатқанда немесе өзгерткенде
- Ақпаратты ықшам дискіге немесе DVD дискісіне жазғанда

Компьютерді сыртқы айнымалы токқа қосқанда, төмендегі жағдайлар туындайды:

- Батарея зарядталуды бастайды.
- Компьютер қосылғанда, хабарландыру аймағындағы батарея санаушының белгішесі көрінісін өзгертеді.

Компьютерді сыртқы айнымалы токтан ажыратқанда, төмендегі жағдайлар туындайды:

- Компьютер батарея қуатын қосады.
- Дисплей жарықтығы батареяның қызмет ету мерзімін сақтау үшін, автоматты түрде төмендетіледі. Дисплей ашықтығын жоғарылату үшін, **f3** пернесін басыңыз немесе айнымалы ток адаптерін қайта қосыңыз.

Айнымалы ток адаптерін қосу

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогына түсу немесе жабдыққа зиян келтіру қаупін азайту үшін:


Қуат сымын барлық уақытта оңай қолданылатын жердегі айнымалы ток розеткасына жалғаңыз.

Компьютерді электр тогынан ажыратқан кезде қуат сымын (компьютерден ажыратпаңыз) айнымалы ток розеткасынан ажыратыңыз.

Қуат сымы үш істікшелі ажыратқышпен берілсе, оны (жерге қосылған) үш істікшелі розеткаға қосыңыз. Қуат сымының жерге қосу істікшесін, мысалы, 2 істікшелі адаптер пайдалану арқылы ажыратуға болмайды. Қауіпсіз жұмыс істеу үшін жерге қосу өте маңызды болып табылады.

Компьютерді сыртқы қуат көзіне қосу үшін:

1. Айнымалы ток адаптерін компьютердегі қуат қосқышына **(1)** жалғаңыз.
2. Қуат сымын айнымалы ток адаптеріне **(2)** жалғаңыз.
3. Қуат сымының басқа ұшын айнымалы ток розеткасына **(3)** жалғаңыз.




Айнымалы ток адаптерін тексеру

Компьютер айнымалы ток адаптеріне жалғанда төмендегі белгілердің кез келгені туындағанда, айнымалы ток адаптерін тексеріңіз:

- Компьютер қосылмайды.
- Дисплей қосылмайды.
- Қуат шамы өшірулі.

Айнымалы ток адаптерін тексеру үшін:

1. Компьютерден батареяны шығарып алыңыз.
 - a. Компьютерді өшіріп, дисплейді жабыңыз.
 - b. Компьютерді қатты жерде төңкеріңіз.
 - c. Батареяны шығарып алу үшін, батареяны босату ысырмасын **(1)** сырғытыңыз.
 - d. Батареяны **(2)** жоғары қарай бұрып, компьютерден батареяны шығарып алыңыз **(3)**.




2. Компьютерді айнымалы ток адаптеріне қосып, оны айнымалы ток розеткасына жалғаңыз.
3. Компьютерді қосыңыз.
 - Қуат шамы жанса, айнымалы ток адаптері дұрыс жұмыс істейді.
 - Егер қуат шамы өшіріліп тұрса, айнымалы ток адаптері жұмыс істемейді және ауыстыру қажет.

Айнымалы токтың қуат адаптерін ауыстыруды орындау туралы ақпарат алу үшін техникалық қолдау орталығымен байланысыңыз.


Батарейя қуатын пайдалану

Зарядталған батарея компьютерде болған кезде және компьютер сыртқы қуатқа жалғанбаған болса, компьютер батарея қуатын іске қосады. Компьютер сыртқы айнымалы ток қуатына қосылғанда, компьютер айнымалы ток қуатын іске қосады.

Компьютерде зарядталған батарея болса және айнымалы ток адаптері арқылы берілген сыртқы айнымалы ток қуаты іске қосылса, компьютерден айнымалы ток адаптері ажыратылғанда, компьютер батарея қуатын қосады.

 **ЕСКЕРІМ:** Айнымалы ток қуатын ажыратқанда, батареяның қызмет ету мерзімін сақтау үшін, дисплей ашықтығы төмендейді. Дисплей ашықтығын жоғарылату үшін, **F3** пернесін басыңыз немесе айнымалы ток адаптерін қайта қосыңыз.

Жұмыс істеу жолына байланысты батареяны компьютерде немесе қоймада сақтауға болады. Компьютер айнымалы ток қуатына қосылған болса да батареяны компьютерде сақтау батареяны зарядтайды және де қуат берілмей қалған жағдайда жұмысты қорғайды. Дегенмен, компьютер өшірілгенде және сыртқы қуаттан ажыратылғанда компьютердегі батарея жайлап таусылады.

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Мүмкін сақтық шараларына қатысты мәселелерді болдырмау үшін, компьютермен қамтамасыз етілетін батареяны, HP қамтамасыз ететін ауыстырғыш батареяны немесе HP компаниясынан сатып алынған батареяны ғана пайдаланыңыз.


Қуатты басқару параметрлеріне, компьютерде іске қосылған бағдарламаларға, дисплей ашықтығына, компьютерге жалғанған сыртқы құрылғыларға және басқа да факторларға байланысты компьютер батареясының қызмет ету мерзімі әртүрлі болады.

Батарейя ақпаратын анықтама және қолдау бөлімінен табу

Анықтама және қолдау туралы мәліметтер орталығының батарея ақпараты бөлімі төмендегі құралдар мен ақпаратты береді:

- Батарейя жұмысын тексеру үшін батареяны тексеру құралы
- Батарейяның қызмет ету мерзімін ұлғайту үшін, тексеру, қуатты басқару және дұрыс күтім мен сақтау туралы ақпарат
- Батарейяның түрлері, сипаттары, батареяның қызмет ету айналымы және сыйымдылығы

Батарейя туралы ақпаратқа қол жеткізу үшін:


 **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Центр обучения (Мәліметтер орталығы) > Центр обучения HP: питание и батареи (HP қуат және батарея туралы мәліметтер орталығы)** тармақтарын таңдаңыз.

Батарейяны тексеруді қолдану

Батарейяны тексеру, Total Care Advisor бөлігі компьютерде орнатылған батарея күйі туралы ақпаратты береді.

Батареяны тексеруді іске қосу үшін:

1. Айнымалы ток адаптерін компьютерге қосыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Батареяны тексеру дұрыс жұмыс істеуі үшін сыртқы қуат компьютерге қосылған болуы қажет.

2. **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Средства устранения неполадок (Ақаулықтарды жою құралдары) > Средство Battery Check (Батареяны тексеру)** тармақтарын таңдаңыз.

Батареяны тексеру батареяның және оның ұяларының дұрыс жұмыс істейтінін тексереді және тексерудің нәтижелерін хабарлайды.

Қалған батарея зарядын көрсету


- ▲ Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан батарея санауышы үстінде меңзерді жылжытыңыз.

Батареяны кірістіру немесе жою

- △ **ЕСКЕРТУ:** Жалғыз қуат көзі болатын батареяны алып тастау ақпараттың жоғалуын тудырады. Ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, күту күйін қосыңыз немесе батареяны алып тастамас бұрын, компьютерді Windows арқылы өшіріңіз.

Батареяны салу үшін:


1. Дисплейді жабыңыз.
2. Компьютерді қатты жерде төңкеріңіз.
3. Батареяны батарея ұясына (1) салыңыз және ол орналасқанша оны төмен қарай бұраңыз (2).



Батареяны алу үшін

1. Компьютерді өшіріп, дисплейді жабыңыз.
2. Компьютерді қатты жерде төңкеріңіз.
3. Батареяны шығарып алу үшін, батареяны босату ысырмасын (1) сырғытыңыз.

4. Батарейяны (2) жоғары қарай бұрып, компьютерден батарейяны шығарып алыңыз (3).



Батарейяны зарядтау

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ұшақ бортында болғанда компьютер батарейясын зарядтаңыз.


Батарейя компьютер айнаымалы ток, қосымша қуат адаптер немесе сыртқы кеңейту өнімі арқылы жалғанған кездегі барлық жағдайда зарядталады.

Компьютер өшірілген болса да не қолданыста болса да батарейя зарядталады, бірақ компьютер өшірілген кезде ол тез зарядталады.

Батарейя жаңа болғанда, екі немесе одан көп апта бойына қолданылмағанда немесе бөлме температурасынан жылырақ не салқынырақ болғанда, зарядталу ұзағырақ уақыт алуы мүмкін.

Батарейяның қызмет ету мерзімін ұзарту және батарейя заряды дисплейлерінің нақтылығын оңтайландыру үшін осы ұсыныстарды орындаңыз:

- Жаңа батарейяны зарядтаған кезде, компьютерді қоспас бұрын оны толық зарядтаңыз.
- Батарейя шамы сөнгенше, батарейяны зарядтаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Батарейя зарядталып жатқанда компьютер қосулы болса, хабарландыру аймағындағы батарейя санауышы батарейя толығымен зарядталғанша 100 пайыз зарядты көрсетуі мүмкін.

- Зарядтамастан бұрын қалыпты қолданыста батарейяның толық зарядтың 5 пайызынан төмен таусылуына мүмкіндік беріңіз.
- Батарейя бір немесе одан да көп ай бойына қолданылмаса, оны қарапайым зарядтаудың орнына батарейяны тексеріңіз.

Батарейя шамы зарядтау күйін көрсетеді:

- Қосулы: Батарейя зарядталуда.
- Жыпылықтау: Батарейя батарейяның төмен деңгейіне немесе өте төмен батарейя деңгейіне жетті және зарядталмауда.
- Өшірулі: Батарейя толығымен зарядталған, қолданыста немесе орнатылмаған.

Батарейаның тауысылу уақытын ұлғайту

Батарейаның тауысылу уақыты батарея қуатын пайдаланғанда қандай мүмкіндіктердің қолданылатынына байланысты әртүрлі болады. Ең көп тауысылу уақыты батареяның сақтық сыйымдылығы төмендейтіндіктен біртіндеп қысқарады.

Батарейаның тауысылу уақытын ұлғайтуға арналған кеңестер:

- Дисплейдегі жарықтықты төмендетіңіз.
- Қуат параметрлерінде қуатты үнемдеу параметрлерін тексеріңіз.
- Компьютер қолданыста болмағанда немесе зарядталмағанда компьютерден батареяны шығарып алыңыз.
- Батарейаны салқын, құрғақ жерде сақтаңыз.

Төмен батарея деңгейлерін басқару

Осы бөлімдегі ақпарат ескертулер мен зауытта орнатылған жүйе жауаптарын сипаттайды. Кейбір батареяның төмендігі туралы ескертулер мен жүйе жауаптарын Windows басқару тақтасындағы қуат параметрлерін қолдану арқылы өзгертуге болады. Қуат параметрлерін қолдану басымдықтарының жиынтығы шамдарға әсер етпейді.

Төмен батарея деңгейлерін анықтау

Компьютердің жалғыз қуат көзі болатын батарея төмен батарея деңгейіне жеткенде, батарея шамы жыпылықтайды.

Батарейаның төмен деңгейіне әрекет жасалмаса, компьютер өрескел батарея деңгейіне өтеді және батареяның шамы жыпылықтауын жалғастырады.

Өте төмен батарея деңгейі кезінде компьютер төмендегі әрекеттерді орындайды:

- Күту күйі қосылған кезде және компьютер қосулы немесе ұйқы күйінде болғанда, компьютерде күту күйі қосылады.
- Күту күйі ажыратылған кезде және компьютер қосулы немесе ұйқы күйінде болғанда, компьютер қысқа ұйқы күйіне өтеді және одан кейін өшіріліп, барлық сақталмаған ақпарат жоғалады.

Төмен батарея деңгейін шешу

△ **ЕСКЕРТУ:** Компьютер өте төмен батарея деңгейіне жеткенде және күту күйі қосылғанда, ақпараттың жоғалу қаупін болдырмау үшін, қуат шамы сөнгенше қуатты қалпына келтірмеңіз.

Сыртқы қуат қол жетімді болғанда төмен батарея деңгейін шешу

- ▲ Төмендегі құрылғылардың бірін қосыңыз:
 - айнымалы ток адаптері
 - Қосымша кеңейту өнімі немесе қондыру құрылғысы
 - Қосымша қуат адаптері

Зарядталған батарея қол жетімді болғанда төмен батарея деңгейін шешу

1. Компьютерді өшіріңіз немесе күту күйін қосыңыз.
2. Заряды таусылған батареяны алып тастап, зарядталған батареяны кірістіріңіз.
3. Компьютерді қосыңыз.

Ешқандай қуат көзі қол жетімді болмағанда төмен батарея деңгейін шешу

- ▲ Күту күйін қосыңыз.
 - немесе –
- Жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.

Компьютер күту күйінен шыға алмайтын кезде төмен батарея деңгейін шешу

Күту күйінен шығу үшін компьютерде қажетті қуат жетпеген кезде, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Зарядталған батареяны салыңыз немесе компьютерді сыртқы қуатқа жалғаңыз.
2. Күту күйінен қуат түймешігін басу арқылы шығыңыз.

Батареяны тексеруден өткізу

Төмендегі жағдайларда батареяны тексеруден өткізіңіз:

- Батарея заряды анық емес болып көрінгенде
- Батареяның жұмыс істеу уақытында маңызды өзгерісті байқағанда

Батарея ауыр қолданылғанда да, оны айына бір реттен көп тексеруден өткізу қажет емес. Жаңа батареяны да тексеруден өткізудің қажет жоқ.

1-қадам: Батарея толығымен зарядтау

△ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ұшақ бортында болғанда компьютер батареясын зарядтаңыз.

📖 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер өшірілген болса да не қолданыста болса да батарея зарядталады, бірақ компьютер өшірілген кезде ол тез зарядталады.

Батарея толығымен зарядтау үшін

1. Компьютерге батареяны салыңыз.
2. Компьютерді айнымалы ток адаптеріне, қосымша қуат адаптеріне немесе қосымша кеңейту өніміне қосыңыз және адаптер немесе құрылғыны сыртқы қуатқа жалғаңыз.

Компьютердегі айнымалы шам қосылады.

3. Компьютердің батареясы толығымен зарядталғанша сыртқы қуат көзіне жалғанған күйде қалдырыңыз.

Батарея толығымен зарядталғанда компьютердегі айнымалы ток адаптерінің шамы ақ түсте жанады.

2-қадам: Күту күйін және ұйқы күйін ажырату

1. Хабарландыру аймағында орналасқан батарея санауышы белгішесін нұқып, **Дополнительные параметры электропитания** (Қосымша қуат параметрлері) параметрін таңдаңыз.

– немесе –

Пуск (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.

2. Ағымдағы қуат жоспарының астынан **Изменить параметры схемы питания** (Жоспар параметрлерін өзгерту) түймешігін басыңыз.
3. Тексеруден өткізгеннен кейін оларды қайта орнатуға болатындай **От батареи** (Батареядан) бағанында тізімделген **Отключать дисплей** (Дисплейді өшіру) параметрлерін жазыңыз.
4. **Отключать дисплей** (Дисплейді өшіру) параметрлерін **Никогда** (Ешқашан) параметріне өзгертіңіз.
5. **Изменить дополнительные параметры питания** (Қосымша қуат параметрлерін өзгерту) параметрін таңдаңыз.
6. **Ждущий** (Ұйқы) параметрі жанындағы қосу таңбасын нұқып, одан кейін **После перейти на спящий режим** (Кейін күту күйіне өту) параметрінің жанындағы қосу таңбасын нұқыңыз.
7. Тексеруден өткізгеннен кейін оларды қайта орнатуға болатындай **После перейти на спящий режим** (Кейін күту күйіне өту) параметрінің астынан **От батареи** (Батареядан) параметрін жазыңыз.
8. **От батареи** (Батареядан) параметрлерін **Никогда** (Ешқашан) параметріне өзгертіңіз.
9. **ОК** түймешігін басыңыз.
10. **Сохранить изменения** (Өзгертулерді сақтау) түймешігін басыңыз.

3-қадам: Батарея зарядының тауысылуы

Батареяның заряды тауысылғанда компьютер қосулы күйде болуы қажет. Батарея компьютер қолданылғанда да, қолданылмағанда да тауысылады, бірақ батареяның заряды оны қолданған кезде жылдамырақ тауысылады.

- Заряды тауысылатын кезде компьютерді бақылаусыз қалдыруды жоспарласаңыз, заряды тауысылу үрдісі басталғанша ақпаратты сақтаңыз.
- Компьютер кездейсоқ заряды тауысылатын үрдіс кезінде болса және қуат үнемдеу уақытының бітуі жақын болса, заряд тауысылу үрдісі кезінде жүйеден төмендегі әрекеттерді күтіңіз:
 - Монитор автоматты түрде өшірілмейді.
 - Қатты дискі жылдамдығы компьютер қолданылмаған кезде автоматты түрде жоғарыламайды.
 - Жүйеге қосылған күту күйі туындамайды.

Батареяның заряды тауысылуы үшін

1. Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз, бірақ компьютерді *өшірмеңіз*.
2. Батареяның заряды тауысылғанша компьютерді батарея қуатынан іске қосыңыз. Батарея заряды төмен батарея деңгейіне дейін тауысылғанда, батарея шамы жыпылықтауды бастайды. Батарея заряды тауысылғанда, батарея шамы өшіп, компьютер де өшіріледі.

4-қадам: Батарея толығымен қайта зарядтау

Батареяны қайта зарядтау үшін:

1. Компьютердің батареясы толығымен қайта зарядталғанша компьютерді сыртқы қуат көзіне жалғаңыз және сыртқы қуатты сақтаңыз. Батарея қайта зарядталғанда, компьютердегі батарея шамы өшіріледі.

Батарея қайта зарядталғанда компьютерді қолдануға болады, бірақ компьютер өшірілген кезде батарея тезірек зарядталады.

2. Компьютер өшіріліп тұрса, батарея толық зарядталғанда және батарея шамы өшкенде оны қосыңыз.

5-қадам: Күту күйін және ұйқы күйін қайта қосу

△ **ЕСКЕРТУ:** Тексеруден өткізгеннен кейін күту күйін қайта қосудың орындалмауы нәтижесінде толық батареяның таусылуы және компьютер өте төмен батарея деңгейіне жеткенде ақпарат жоғалуы мүмкін.

1. Хабарландыру аймағында орналасқан батарея санауышы белгішесін нұқып, **Дополнительные параметры электропитания** (Қосымша қуат параметрлері) параметрін таңдаңыз.
– немесе –
Пуск (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.
2. Ағымдағы қуат жоспарының астынан **Изменить параметры схемы питания** (Жоспар параметрлерін өзгерту) түймешігін басыңыз.
3. **От батареи** (Батареядан) бағанында элементтер үшін жазылған параметрлерді қайта енгізіңіз.
4. **Изменить дополнительные параметры питания** (Қосымша қуат параметрлерін өзгерту) параметрін таңдаңыз.
5. **Ждущий** (Ұйқы) параметрі жанындағы қосу таңбасын нұқып, одан кейін **После перейти на спящий режим** (Кейін күту күйіне өту) параметрінің жанындағы қосу таңбасын нұқыңыз.
6. **От батареи** (Батареядан) бағаны үшін жазылған параметрлерді қайта енгізіңіз.
7. **ОК** түймешігін басыңыз.
8. **Сохранить изменения** (Өзгертулерді сақтау) түймешігін басыңыз.

Батарея қуатын үнемдеу


- Windows құралдар тақтасында **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) астындағы қуат параметрлері арқылы қуат үнемдегіш қуат жоспарын таңдаңыз.
- Сымсыз және жергілікті желі (LAN) қосылымдарын ажыратып, оларды қолданбаған кезде модем бағдарламаларынан шығыңыз.
- Оларды қолданбаған кезде сыртқы қуат көзінен ажыратылмаған сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
- Пайдаланылмайтын кез келген медиа карталарын тоқтатыңыз, ажыратыңыз немесе жойыңыз.
- Қажетінше экран жарықтығын сәйкестендіру үшін, **f2** және **f3** әрекет пернелерін пайдаланыңыз.
- Жұмысты тоқтатқан кезде ұйқы күйін немесе күту күйін қосыңыз немесе компьютерді сөндіріңіз.

Батареяны сақтау

△ **ЕСКЕРТУ:** Батареяға зақым келтірмес үшін, ұзақ мерзімге ыстық температураға қалдырмаңыз.


Егер компьютер пайдаланылмайтын болса және сыртқы қуат көзінен 2 аптадан көп уақытқа ажыратылған болса, батареяны шығарып алып, оны бөлек сақтаңыз.

Сақталған батареяның зарядын ұзарту үшін, оны салқын, құрғақ жерде сақтаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сақталған батареяны әрбір алты ай сайын тексеру қажет. Егер сыйымдылығы 50 пайыздан төмен болса, қайта сақтаудан бұрын батареяны қайта зарядтаңыз.

Бір ай немесе одан да көп уақытқа сақталған болса, батареяны тексеруден өткізіңіз.

Қолданылған батареяны тастау


 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Өрт шығу немесе күйік алу қаупін азайту үшін батареяны бөлшектеп алуға, бұзуға немесе тесуге болмайды; батареяның сыртқы түйіспелерін тұйықтамаңыз, батареяны отқа немесе суға тастамаңыз.

Қосымша қауіпсіздік ақпаратын компьютерде қамтылған *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертулер* бөлімінен қараңыз.

Батареяны ауыстыру

Қуатты басқару параметрлеріне, компьютерде іске қосылған бағдарламаларға, дисплей ашықтығына, компьютерге жалғанған сыртқы құрылғыларға және басқа да факторларға байланысты компьютер батареясының қызмет ету мерзімі әртүрлі болады.

Ішкі ұяшық дұрыс зарядталмағанда немесе батареяның сақтау сыйымдылығы әлсіз жағдайға жеткенде, батареяны тексеру батареяны ауыстыру туралы хабарлайды. Ауыстырылатын батареяға тапсырыс беру туралы қосымша ақпаратты хабарлама сілтеме жасайтын HP веб-торабынан қарауға болады. Батарея HP кепілдігімен қорғалуы мүмкін, нұсқаулар кепілдік кодын қамтиды.

 **ЕСКЕРІМ:** Қажет кезде батарея қуатының әрқашан бар болуына сенімді болу үшін, HP сақтау сыйымдылығы көрсеткіші жасыл-сары түске өзгергенде жаңа батареяны сатып алуды ұсынады.

Компьютердің жұмысын аяқтау

△ **ЕСКЕРТУ:** Компьютер өшірілгенде сақталмаған ақпарат жойылады.

Өшіру пәрмені барлық ашық бағдарламаларды жабады, сондай-ақ амалдық жүйені және дисплей мен компьютерді де өшіреді.

Төмендегі жағдайлардың кез келгенінде компьютерді өшіріңіз:

- Батареяны ауыстыру немесе компьютер ішіндегі бөліктерді қолдану қажет болғанда
- USB портына қосылмаған сыртқы аппараттық құрылғыны қосқан кезде
- Компьютер қолданыста болмағанда және ұзақ мерзімге сыртқы қуаттан ажыратылғанда

Компьютерді қуат түймешігі арқылы да өшіруге болатынымен, ұсынылатын үрдіс Windows өшіру пәрменін қолдану болып табылады.

Компьютерді өшіру үшін

📝 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер ұйқы немесе күту күйінде болғанда, өшіру мүмкін болғанша ұйқы немесе күту күйінен шығу қажет.

1. Жұмысыңызды сақтап, барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз.
2. **Пуск** (Бастау) түймешігін басыңыз.
3. **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) параметрін таңдаңыз.

Компьютер жауап бермесе және келесі өшіру үрдістерін пайдалану мүмкін болмаса, кезектілікте берілетін төтенше үрдістерді орындап көріңіз:

- **ctrl+alt+delete** пернелер тіркесімін басып, **Питание** (Қуат) түймешігін басыңыз.
- Қуат түймешігін кемінде 5 секунд басып тұрыңыз.
- Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратып, батареяны алып тастаңыз.

6 Дискілер

Дискілерді ұстау

Дискілер компьютердің әлсіз бөліктері және оларды абайлап ұстау қажет. Дискілерді ұстамас бұрын келесі ескертулерді қараңыз. Қосымша ескертулер олар қолданылатын үрдістерде қамтылған.

△ **ЕСКЕПТУ:** Компьютерге зақым келтіру қаупін, драйверге зақым келтіруді немесе ақпараттың жоғалуын азайту үшін, осы сақтық шараларын сақтаңыз:

Сыртқы қатты дискіге қосылмаған компьютерді қозғамас бұрын, ұйқы күйін қосып, экранның өшірілуіне мүмкіндік беріңіз немесе сыртқы қатты дискіні дұрыс ажыратыңыз.

Дискіні ұстамас бұрын дискінің боялмаған метал бетін ұстау арқылы статикалық электр тогын босатыңыз.

Алынатын жинақтағыш дискідегі немесе компьютердегі қосқыш істікшелерді ұстамаңыз.

Дискіні абайлап ұстаңыз, дискіні түсірмеңіз немесе оған басқа заттарды қоймаңыз.

Драйверді шығарып алмастан немесе салмастан бұрын компьютерді өшіріңіз. Компьютердің өшірілген күйде, ұйқы күйінде немесе күту күйінде екені туралы сенімді болмасаңыз, компьютерді қосып, оны амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.

Дискіні диск ұясына салған кезде шамадан тыс күш қолданбаңыз.

Сыртқы қатты диск хаб сияқты сыртқы құрылғыдағы USB портына емес, компьютердегі USB портына қосылуы тиіс.

Оптикалық диск дискіге жазып жатқанда, ақпаратты енгізу үшін пернетақтаны пайдаланбаңыз немесе компьютерді жылжытпаңыз. Жазу үрдісі тербеліске сезімтал.

Батарея жалғыз қуат көзі болғанда, батареяның медиа файлы жазбас бұрын жеткілікті зарядталғанын тексеріңіз.

Дискіні температура жоғары немесе ылғал жерде сақтамаңыз.

Дискіні сұйықтық бар жерде сақтамаңыз. Дискіге тазарту өнімдерін шашпаңыз.

Дискіні диск ұясынан алмас бұрын немесе онымен саяхатқа, кемемен қыдырғанда немесе дискіні сақтағанда, медиа құралын шығарып алыңыз.

Дискіні поштамен жөнелту қажет болғанда, дискіні мөлдір пошта бумасына немесе басқа сәйкес қорғаныс бумасына салыңыз және бумаға "FRAGILE" (Сынғыш) белгісін жапсырыңыз.

Дискіні магниттік өрістерге жақын жерде сақтамаңыз. Магниттік өрістері бар қауіпсіздік құрылғылары әуежайда металды заттарды анықтауға арналған құрылғыларды қамтиды. Белдікті конвейерлер сияқты жолаушылар жүктерін тексеруге арналған әуежайлардағы қауіпсіздік құрылғылары магниттік өрістің орнына рентген сәулелерін қолданады да, дискіге зиян келтірмейді.

Оптикалық жинақтағыш диск


Компьютердің жұмысын кеңейтетін компьютерде оптикалық жинақтағыш диск болады. Мүмкіндіктерін қарау үшін, компьютерде қандай құрылғының орнатылғанын анықтаңыз. Оптикалық жинақтағыш диск деректер дискілерін оқу, музыканы ойнату және киноларды қарау мүмкіндігін береді. Компьютерде Blu-ray Disc ROM Drive болса, дискіден жоғары ажыратымдылықтағы бейнені қарауға да болады.

Орнатылған оптикалық жинақтағыш дискіні анықтау

▲ **Пуск (Бастау) > Компьютер** тармақтарын таңдаңыз.

Оптикалық жинақтағыш дискіні қамтитын компьютерде орнатылған барлық құрылғылардың тізімін көресіз. Дискілердің төмендегі түрлерінің бірі болуы мүмкін:


- DVD±RW/R және қос қабатты қолдауы бар CD-RW аралас диск жетегі
- LightScribe DVD±RW/R және қос қабатты қолдауы бар CD-RW аралас диск жетегі
- SuperMulti DVD±R/RW қос қабатты қолдауы бар Blu-ray Disc ROM жетегі
- SuperMulti DVD±R/RW қос қабатты қолдауы бар LightScribe Blu-ray Disc ROM жетегі

 **ЕСКЕРІМ:** Тізімделген дискілердің кейбіріне компьютер қолдау көрсетпеуі мүмкін.

Оптикалық жинақтағыш дискіні қолдану

DVD-ROM драйвері сияқты оптикалық жинақтағыш диск оптикалық дискілерге (ықшам дискілер және DVD) қолдау көрсетеді. Бұл дискілер музыка, фотосуреттер және кинолар сияқты ақпаратты сақтайды. Ықшам дискілермен салыстырғанда, DVD дискілерінің сыйымдылығы жоғарырақ болады.

Оптикалық драйвер стандартты ықшам дискілер мен DVD дискілерін оқи алады. Егер оптикалық диск жетегі Blu-ray Disc ROM жетегі болса, ол тек қана Blu-ray дискілерін оқиды.

 **ЕСКЕРІМ:** Тізімделген оптикалық жинақтағыш дискілердің кейбіріне компьютер қолдау көрсетпеуі мүмкін. Тізімделген драйверлер қолдау көрсетілетін оптикалық жинақтағыш дискілерінің барлығына қажет емес.


Кейбір оптикалық жинақтағыш дискілер төмендегі кестеде сипатталған оптикалық дискілерді жаза алады.

Оптикалық жинақтағыш диск түрі	CD-RW құралына жазу	DVD±RW/R құралына жазу	DVD+RW DL құралына жазу	LightScribe CD немесе DVD±RW/R құралына жазу
DVD±RW және CD-RW SuperMulti DL аралас диск жетегі	Иә	Иә	Иә	Жоқ
DVD±RW және LightScribe бар CD-RW SuperMulti DL аралас диск жетегі	Иә	Иә	Иә	Иә
Blu-ray ROM DVD±R/RW SuperMulti DL жетегі	Иә	Иә	Иә	Жоқ
LightScribe DVD±R/RW SuperMulti DL жетегі бар Blu-ray ROM	Иә	Иә	Иә	Иә

△ **ЕСКЕРТУ:** Аудио және видео файлдарының мүмкін төмендеулерін, аудио немесе видео ойнату жұмысының жоғалуын немесе ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, ықшам дискіден не DVD дискісінен оқу немесе оған жазу кезінде ұйқы немесе күйін қоспаңыз.

Дұрыс дискіні (ықшам дискілер, DVD және BD дискілері) таңдау

Оптикалық жинақтағыш диск оптикалық дискілерге (ықшам дискілер, DVD және BD дискілері) қолдау көрсетеді. Сандық деректерді сақтауға арналған ықшам дискілер коммерциялық аудио жазбалары үшін қолданылады және жеке мәліметтерді сақтау қажеттілігіне ыңғайлы. DVD және BD дискілері негізінен кинолар, бағдарламалық құрал және деректерді сақтық көшірмелеу мақсаттарында қолданылады. DVD және BD дискілері ықшам дискілермен бірдей пішін факторында, бірақ көбірек сақтау сыйымдылығына иеленеді.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердегі оптикалық жинақтағыш диск осы бөлімде талқыланған оптикалық дискілердің барлық түрлеріне қолдау көрсетуі мүмкін.

CD-R дискілері

Қажетінше ортақ пайдаланылатын деректердің тұрақты көшірмесін жасау үшін, CD-R (бір рет жазу) дискілерін пайдаланыңыз. Әдеттегі қолдану төмендегіні қамтиды:

- Үлкен көрмелерді тарату
- Сканерленген және сандық суреттерді, видео клиптерді және жазылған деректерді ортақ пайдалану
- Жеке музыка ықшам дискілерін жасау
- Компьютер файлдарының және сканерленген үй жазбаларының тұрақты мұрағатын сақтау
- Дискідегі орынды босату үшін қатты дискіден файлдарды жүктеп алу

Деректер жазылғаннан кейін, оларды өшіру немесе қайта жазу мүмкін емес.

CD-RW дискілері

Жиі жаңартылатын үлкен жобаларды сақтау үшін, CD-RW дискілерін (ықшам дискінің қайта жазылатын нұсқасы) пайдаланыңыз. Әдеттегі қолдану төмендегіні қамтиды:

- Үлкен құжаттар мен жоба файлдарын жетілдіру және сақтау
- Жұмыс файлдарын тасымалдау
- Қатты дискі файлдарының апта сайын сақтық көшірмесін жасау
- Фотосуреттерді, бейнені, аудио файлын және деректерді үздіксіз жаңарту

DVD±R дискілері

Бос DVD±R дискілерін ақпараттың көп көлемдерін әрдайым сақтау үшін пайдаланыңыз. Деректер жазылғаннан кейін, оларды өшіру немесе қайта жазу мүмкін емес.

DVD±RW дискілері

Бұрын сақталған деректерді өшіру немесе қайта жазу үшін, DVD±RW дискілерін пайдаланыңыз. Дискінің бұл түрі өзгертілмейтін ықшам дискіден немесе DVD дискісіне жазбас бұрын, аудио немесе бейне жазбаларын тексеру үшін мінсіз болып табылады.

LightScribe DVD+R дискілері


LightScribe DVD+R дискілерін деректерді, үй бейнелері және фотосуреттерді ортақ пайдалану және сақтау үшін қолданыңыз. Бұл дискілер көптеген DVD-ROM дискілерінде және DVD бейне ойнатқыштарында оқу үшін сыйысымды. LightScribe қосылған дискі мен LightScribe бағдарламалық құралы болса, дискілерге деректерді жазуға және дискінің сыртына жасақтаушы жапсырмасын қосуға болады.

Blu-ray дискісі (BD)

BD — жоғары ажыратымдылықтағы бейнені қамтитын сандық ақпаратты сақтауға арналған тығыздығы жоғары оптикалық диск пішімі. Бір қабатты BD дискісі бір қабатты DVD дискісінің 4,7 Гбайт өлшемінен бес есе артық 25 Гбайт ақпаратты сақтай алады. Қос қабатты BD дискісі қос қабатты DVD дискісінің 8,5 Гбайт өлшемінен 6 есеге дерлік артық 50 Гбайт ақпаратты сақтай алады.


Әдеттегі қолдану төмендегіні қамтиды:

- Деректердің үлкен көлемін сақтау
- Жоғары ажыратымдылықты бейнені ойнату және сақтау
- Бейне ойындары


 **ЕСКЕРІМ:** Blu-ray дискісі жаңа технологиялары, арнайы дискіні, сандық қосылымды, сыйымдылықты қамтитын жаңа пішім және/немесе орындалмайтын мәселелер туындауы мүмкін және өнімдегі кемшіліктерді қамтымауы мүмкін. Барлық жүйелерде мінсіз ойнатылуына кепілдеме берілмейді.

Ықшам дискіні, DVD немесе BD дискілерін ойнату

1. Компьютерді қосыңыз.
2. Диск науанын шығарып алу үшін, драйвер ұясындағы **(1)** шығарып алу түймешігін басыңыз.
3. **(2)** науанын ашыңыз.
4. Дискінің тегіс беттерін ұстамау ұшын ұялары арқылы ұстап, дискі белгісі жоғары қарайтындай диск салғыш білігіне орналастырыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Науан толығымен қолданыста болмаса, дискіні біліктің үстіне абайлап орналастырыңыз.

5. Диск салғыш білікте дискіні (3) орнына түскенше төмен жайлап басыңыз.




6. Диск науанын жабыңыз.

Төмендегі бөлімде сипатталғандай авто ойнатуды әлі теңшемеген болсаңыз, авто ойнату тілқатысу терезесі ашылады. Ол медиа мазмұны пайдаланылатын жолды таңдауды ескертеді.


 **ЕСКЕРІМ:** Жақсы нәтижелер алу үшін, BD дискісі ойнатылғанда айнымалы ток адаптерінің сыртқы қуат көзіне жалғанын тексеріңіз.

Авто ойнатуды теңшеу

1. **Пуск (Бастау) > Программы по умолчанию (Әдепкі бағдарламалар) Изменить параметры автоматического проигрывания** (Авто ойнату параметрлерін өзгерту) тармақтарын таңдаңыз.
2. **Использовать автоматическое проигрывания для всех медиа файлов и устройств** (Авто ойнатуды барлық медиа файлдары және құрылғылары үшін қолдану) құсбелгісінің қойылғанын растаңыз.
3. **Выбор по умолчанию (Әдепкіні таңдау)** түймешігін басып, берілген әрбір мультимедиа түрі үшін қол жетімді параметрлердің бірін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** DVD дискілерді ойнату үшін CyberLink PowerDVD бағдарламасын таңдаңыз.

4. **Сохранить (Сақтау)** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Авто ойнату туралы қосымша ақпаратты анықтама және қолдау орталығынан қараңыз.

DVD дискінің аймақтық параметрлері

Авторлық құқықтармен қорғалған файлдар бар көптеген DVD дискілерде аймақ кодтары да болады. Аймақ кодтары авторлық құқықтарды халықаралық деңгейде қорғауға көмектеседі.

Аймақ коды бар DVD дискіні DVD дискідегі аймақ коды DVD дискідегі аймақтық параметрге сәйкес келгенде ғана ойнатуға болады.


△ **ЕСКЕРТУ:** DVD дискідегі аймақтық параметрлерді тек 5 рет қана өзгертуге болады.

Бесінші рет таңдалған аймақтық параметр DVD дискідегі тұрақты аймақтық параметрге айналады.

Қалған аймақ өзгертулерінің саны DVD дискінің "Регион" (Аймақ) қойындысында көрсетіледі.

Параметрлерді амалдық жүйе арқылы өзгерту үшін:

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік)** тармақтарын таңдаңыз. Одан кейін Система (Жүйе) аймағында **Диспетчер устройств (Құрылғылар реттеушісі)** параметрін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows жүйесі компьютердің қауіпсіздігін жақсарту үшін, пайдаланушы есептік жазбасын басқару мүмкіндігін қамтиды. Бағдарламалық құралды орнату, қызметтік бағдарламаларды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін, рұқсатыңыз немесе құпия сөзіңіз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпаратты Анықтама және қолдау орталығынан қараңыз.

2. Орнатылған дискілердің барлығының тізімін шығарып алу үшін, **DVD и CD-ROM дисководы** (DVD және CD диск жетектері) түймесінің жанындағы көрсеткіні нұқыңыз.
3. Аймақтық параметрлері өзгертілетін DVD дискіні тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Свойства** (Сипаттар) параметрін таңдаңыз.
4. **Регионы для DVD** (DVD дискінің аймағы) қойындысын нұқып, параметрлерді өзгертіңіз.
5. **ОК** түймешігін басыңыз.

Авторлық құқықтар туралы ескертулерді бақылау

Қолданыстағы авторлық құқықтар заңдарына сәйкес, компьютер бағдарламаларын, фильмдерді, теледидар мен радио хабарларын және дыбыс жазуларымен қоса, авторлық құқықтары қорғалған материалды рұқсатсыз көшіру қылмыс болып есептеледі. Бұл компьютерді осындай мақсаттарға пайдаланбаңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын болдырмау немесе дискіге зиян келтіру қатерінен аулақ болу үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

Дискіге жазбас бұрын компьютерді сенімді сыртқы қуат көзіне жалғаңыз. Компьютер батареяда жұмыс істеген кезде дискіге жазбаңыз.

Дискіге жазбас бұрын пайдаланылып жатқан дискідегі бағдарламалық құралдан басқа барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз.

Бастапқы дискіден тағайындалған дискіге немесе желілік дискіден тағайындалған дискіге тікелей көшірмеңіз. Мәліметтерді қатты дискіге көшіріп, одан кейін қатты дискіден тағайындалған дискіге жазыңыз.

Компьютер дискіге жазып жатқан кезде компьютер пернетақтасын пайдаланбаңыз немесе компьютерді жылжытпаңыз. Жазу үрдісі тербеліске сезгіш.

📄 **ЕСКЕРІМ:** Компьютермен жеткізілетін бағдарламалық құралдарды пайдалану туралы толық ақпарат алу үшін, бағдарламалық құралдар анықтамасында, дискіде немесе өндірушінің веб-торабында қамтамасыз етілуі мүмкін бағдарламалық құралды өндірушінің нұсқауларын қараңыз.

Ықшам дискіні, DVD немесе BD дискілерін көшіру

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > CyberLink DVD пакеты (CyberLink DVD дестелері) > Power2Go (Power2Go)** тармақтарын таңдаңыз.

2. Көшірілетін дискіні оптикалық диск жетегіне енгізіңіз.


3. Экранның төменгі оң жағындағы **Копировать (Көшіру)** түймешігін басыңыз.

Power2Go бағдарламасы бастапқы дискіні оқып, деректерді қатты дискідегі уақытша қалтаға көшіреді.

4. Нұсқау берілгенде, бастапқы дискіні оптикалық диск жетегінен алып, диск жетегіне бос дискіні енгізіңіз.

Мәліметтер көшіріліп болғаннан кейін, жасалған диск автоматты түрде шығады.


Ықшам дискілерді немесе DVD дискілерін жасау (жазу)

 **ЕСКЕРІМ:** Авторлық құқықтар туралы ескертуді ұмытпаңыз. Қолданыстағы авторлық құқықтар заңдарына сәйкес, компьютер бағдарламаларын, фильмдерді, теледидар мен радио хабарларын және дыбыс жазуларымен қоса, авторлық құқықтары қорғалған материалды рұқсатсыз көшіру қылмыс болып есептеледі. Бұл компьютерді осындай мақсаттарға пайдаланбаңыз.

Егер компьютерде CD-RW, DVD-RW немесе DVD±RW дискілерін қолдайтын оптикалық диск салғыш болса, MP3 және WAV музыка файлдарымен қоса Windows медиа ойнатқышы немесе Cyberlink Power2Go сияқты бағдарламалық құралдарды пайдаланып, деректер, бейне және аудио файлдарын жаза аласыз.

Ықшам дискіні немесе DVD дискісін жазған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз:


- Дискіні жазбас бұрын, ашық болған барлық файлдарды сақтап жабыңыз да, ашық болған бағдарламаларды жабыңыз.
- Ақпарат көшірілгеннен кейін оны өзгерту мүмкін болмағандықтан, CD-R немесе DVD-R дискісі аудио файлдарын жазуға сәйкес келеді.

 **ЕСКЕРІМ:** Дыбыс DVD дискілерін CyberLink Power2Go бағдарламасы арқылы жасай алмайсыз.

- Кейбір үйге және автокөлікке арналған стерео ойнатқыштары CD-RW дискілерін ойната алмағандықтан, CD-R дискілерін музыкалық ықшам дискілерді жазуға пайдаланыңыз.
- CD-RW немесе DVD-RW дискісі деректер файлдарын жазуға, өзгертуге болмайтын дыбыс не бейне жазбаларын ықшам дискіге немесе DVD дискісіне жазбас бұрын оларды сынақтан өткізуге сәйкес келеді.
- Үйге арналған жүйелерде пайдаланылатын DVD ойнатқыштары әдетте барлық DVD пішімдерін қолдамайды. Қолдаулы пішімдер тізімін DVD ойнатқышымен бірге берілетін пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- MP3 файлы басқа музыка файлдарының пішімдеріне қарағанда дискіде азырақ орын пайдаланады және MP3 дискісін жасау үрдісі деректер файлын жасау үрдісімен бірдей. MP3 файлдарын тек MP3 ойнатқыштарында немесе MP3 бағдарламалық құралы орнатылған компьютерлерде ойнатуға болады.

Ықшам дискіні немесе DVD дискісін жазу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Бастапқы файлдарды қатты дискідегі қалтаға жүктеңіз немесе көшіріңіз.
2. Оптикалық диск салғышқа бос ықшам дискіні немесе DVD дискісін енгізіңіз.
3. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) параметрлерін, одан кейін пайдаланылатын бағдарламалық құралдың атауын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір бағдарламалар бағыныңқы қалталарда орналасуы мүмкін.


4. Деректер, дыбыс немесе бейне сияқты жасағыңыз келетін дискінің түрін таңдаңыз.
5. **Пуск** (Бастау) түймешігін тінтуірдің оң түймешігімен басыңыз, **Открыть проводник Windows** (Windows жетектеушісін ашу) пәрменін таңдаңыз және бастапқы файлдар сақталған қалтаға өтіңіз.

6. Қалтаны ашып, файлдарды бос дискіні қамтитын дискіге апарыңыз.
7. Таңдалған бағдарламаның нұсқаулары бойынша жазу үрдісін бастаңыз.

Нақты нұсқаулар алу үшін, бағдарламалық құрал өндірушісінің нұсқауларын қараңыз, ол бағдарламалық құралмен дискіде беріледі немесе өндірушінің веб-торабында болады.

Ықшам дискіні, DVD немесе BD дискілерін шығару

1. Диск науасын шығару үшін, диск қақпағындағы (1) босату түймесін басып, ол тоқтағанша (2) науаны жайлап сыртқа қарай тартыңыз.
2. Дискінің сыртқы ойығымен көтеріп жатқанда, білікті жайлап басу арқылы науадан дискіні (3) шығарыңыз. Дискіні ойығымен ұстаңыз және тегіс беттерін ұстамаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Науа толығымен қол жетімді болмаса, дискіні абайлап оны ашып жатқандай иілдіріңіз.




3. Диск науасын жауып, дискіні қорғаныс қалтасына салыңыз

Сыртқы дискілерді пайдалану

Алынбалы сыртқы дискілер мәліметтерді сақтау және оларға кіруге арналған параметрлер тізімін ұлғайтады. USB дискісін дискіні компьютердегі USB портына немесе қосымша кеңейту өніміне жалғау арқылы қосуға болады.

USB дискілердің үш түрі бар:

- 1.44-Мбайт дискет салғышы
- Қатты диск модулі (адаптер тіркелген қатты диск)
- DVD диск жетегі
- DVD/CD-RW аралас диск жетегі
- DVD±RW және CD-RW аралас диск жетегі

 **ЕСКЕРІМ:** Қажетті бағдарламалық құрал және дискілер туралы қосымша ақпарат алу немесе пайдалану қажет компьютер порты туралы білу үшін, өндірушінің нұсқауларын қараңыз.

Сыртқы диск жетегін компьютерге қосу үшін

△ **ЕСКЕРТУ:** Тоққа қосылған дискіні жалғағанда, жабдықтың зақымдану қатерін азайту үшін, айнымалы ток қуаты сымының ажыратылғандығын тексеріңіз.

1. Диск жетегін компьютерге қосыңыз.
2. Тоққа қосылған диск жетегін қоссаңыз, диск жетегінің қуат сымын жерге қосылған айнымалы ток ұясына жалғаңыз.

Тоққа қосылған диск жетегін ажырату үшін, оны компьютерден ажыратып, айнымалы ток қуатының сымынан алыңыз.

Қатты диск өнімділігін жақсарту

Дискіні дефрагментациялауды пайдалану


Компьютерді пайдаланғанда, қатты дискідегі файлдар фрагментацияланады. Дискіні дефрагментациялау жүйе тиімді түрде іске қосылу үшін, қатты дискідегі фрагментацияланған файлдар мен қалталарды біріктіреді.

Дискіні дефрагментациялау іске қосылғаннан кейін, ол басқарусыз жұмыс істейді. Қатты дискінің өлшеміне және фрагментацияланған файлдар санына байланысты, дискіні дефрагментациялау аяқталуы үшін бір сағаттан артық уақыт кетуі мүмкін. Оны түнде немесе компьютерді ашу қажет болмайтын кездегі басқа уақытта іске қосылатын етіп орнатуыңызға болады.

HP корпорациясы қатты дискіні дефрагментациялауды кемінде айына бір рет орындауды ұсынады. Дискіні дефрагментациялауды айлық кестеде іске қосылатын етіп орнатуыңызға болады, бірақ компьютерді қолмен кез келген уақытта дефрагментациялауға болады.

Дискіні дефрагментациялауды іске қосу үшін:

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Аксессуары (Керек-жарақтар) > Служебные (Жүйелік құралдар) > Дефрагментация дисков (Дискіні дефрагментациялау)** тармақтарын таңдаңыз.
2. **Дефрагментация дисков (Дискіні дефрагментациялау)** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows® жүйесі компьютердің қауіпсіздігін жақсарту үшін пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігін қамтиды. Бағдарламалық құралды орнату, қызметтік бағдарламаларды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін, рұқсатыңыз немесе құпия сөзіңіз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпаратты Анықтама және қолдау орталығынан қараңыз.

Толық ақпарат алу үшін, дискіні дефрагментациялау бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

Дискіні тазалауды пайдалану

Дискіні тазалау дискідегі орынды босату үшін қауіпсіз түрде жоюға болатын қажетсіз файлдарды іздеп, компьютердің тиімді түрде іске қосылуына көмектеседі.

Дискіні тазалауды іске қосу үшін:

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Аксессуары (Керек-жарақтар) > Служебные (Жүйелік құралдар) > Очистка дисков (Дискіні тазалау)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қатты дискіні ауыстыру


△ **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін:

Қатты дискіні қатты диск ұясынан шығармастан бұрын, компьютерді өшіріңіз. Компьютер қосулы тұрғанда, ұйқы немесе күту күйінде болғанда, қатты дискіні шығарып алмаңыз.


Егер компьютердің өшірулі немесе күту күйінде тұрғандығына сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді өшіріңіз. Одан кейін компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.

Қатты дискіні алу үшін:


1. Жұмысыңызды сақтаңыз.
2. Компьютерді өшіріп, дисплейді жабыңыз.
3. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
4. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан суырыңыз.
5. Компьютерді қатты жерде төңкеріңіз.
6. Компьютерден батареяны шығарып алыңыз.
7. Өзіңіз жақтағы қатты диск ұясымен қатты диск қақпағының бұрандаларын босатыңыз (1).
8. Қатты дискінің қақпағын компьютерден алыс көтеріңіз (2).



9. Қатты дискінің бұрандаларын алыңыз.




10. Қатты дискінің кабелін жүйе тақтасынан (1) және кабель қыстырғышынан (2) ажыратыңыз.
11. Қатты диск ілмегін (3) жоғары тартып, қатты дискіні компьютерден шығарып алыңыз.




Қатты дискіні орнату үшін:

1. Қатты дискіні қатты диск ұясына (1) салыңыз және қатты дискіні орналасқанша төмен қарай бұраңыз (2).

2. Қатты диск кабелін кабель қыстырғышқа бекітіп (3), қатты диск кабелін жүйелік тақтаға қайта жалғаңыз (4).




3. Қатты дискінің бұрандаларын ауыстырыңыз.



4. Қатты диск қақпағындағы ілгектерді (1) компьютердегі кетіктерге туралаңыз.
5. Қақпақты жабыңыз (2).

6. Қатты диск бұрандаларын қатайтыңыз (3).



7. Батареяны орнына салыңыз.
8. Компьютерді жоғарыға қаратып аударыңыз.
9. Компьютерді қуат көзіне қайта қосыңыз.
10. Барлық сыртқы құрылғыларды қайта жалғаңыз.

7 Сыртқы құрылғылар және сыртқы медиа карталары

USB құрылғысын пайдалану

USB порты USB пернетақтасы, тінтуір, драйвер, принтер, сканер немесе концентратор сияқты қосымша сыртқы құрылғыларды компьютерге қосады.

Кейбір USB құрылғылары әдетте құрылғымен қоса берілетін қосымша қолдау көрсету бағдарламалық құралын қажет етуі мүмкін. Құрылғыға арналған бағдарламалық құрал туралы қосымша ақпаратты өндірушінің нұсқауларынан қараңыз.

Компьютерде USB 1.0, USB 1.1 және USB 2.0 құрылғыларымен жұмыс істейтін 3 USB порты бар. Қосымша USB порттарын қосу үшін міндетті емес концентраторды қосыңыз.

USB құрылғысын жалғау

- △ **ЕСКЕРТУ:** USB қосқышының зақымдануын болдырмау үшін, USB құрылғысын күштеп жалғамаңыз.
- ▲ USB құрылғысын компьютерге жалғау үшін, құрылғының USB кабелін USB портына қосыңыз.



Құрылғы анықталғанда, дыбыс естіледі.

- 📖 **ЕСКЕРІМ:** USB құрылғысы бірінші рет қосылған кезде «Құрылғы драйверінің бағдарламалық құралын орнату» хабарламасы тапсырмалар тақтасының оң жақ соңындағы хабарландыру аймағында көрсетіледі.


USB құрылғысын шығару

△ **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін, USB құрылғысын қауіпсіз шығарып алу үшін, келесі іс ретін пайдаланыңыз.


ЕСКЕРТУ: USB қосқышының зақымдалуын болдырмау үшін, USB құрылғысын шығарып алу мақсатында кабельден тартпаңыз.

USB құрылғысын шығару үшін:

1. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Безопасное извлечения оборудования и носителей данных** (Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару) белгішесін нұқыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару белгішесін көрсету үшін, **Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін (көрсеткі хабарландыру аймағының сол жағында болады) нұқыңыз.

2. Тізімдегі құрылғы атауын нұқыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Құрылғыны шығарып алу қауіпсіз екендігі ескертіледі.

△ **ЕСКЕРТУ:** USB қосқышының зақымдалуын болдырмау үшін, USB құрылғысын шығарып алу мақсатында кабельден тартпаңыз.

3. Құрылғыны шығарып алыңыз.

Сандық медиа ұяшығының карталарын пайдалану

Қосымша сандық карталар деректерді қауіпсіз сақтау мен оларды ыңғайлы түрде ортақ пайдалану мүмкіндігін береді. Бұл карталар сандық медиамен жабдықталған камераларда, PDA және басқа да компьютерлерде жиі пайдаланылады.

Сандық медиа ұясы келесі сандық карта пішімдерін қолданады:


- Жад картасы (MS)
- Жад картасы Pro (MSP)
- Мультимедиа картасы (MMC)
- Қауіпсіз сандық (SD) жад картасы
- xD-Сурет картасы (XD)

Сандық картаны енгізу

△ **ЕСКЕРТУ:** Сандық картаға немесе компьютерге зақым келтірмеу үшін, сандық медиа ұясына адаптердің ешбір түрін салмаңыз.

ЕСКЕРТУ: Сандық карталар қосқышының зақымдануын болдырмау үшін, сандық картаны күштеп енгізбеңіз.

1. Сандық картаның белгісі бар жағын жоғары, ал қосқыштарын компьютерге қаратып ұстаңыз.
2. Картаны сандық медиа ұясына кірістіріңіз және ол берік орнатылғанша картаны итеріңіз.



Құрылғы орнатылғанда дыбыс естисіз және параметрлердің мәзірі көрінуі мүмкін.

Сандық картаны шығарып алу

△ **ЕСКЕРТУ:** Деректердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін, сандық картаны қауіпсіз шығарып алу үшін, келесі іс ретін пайдаланыңыз.

Мәліметтеріңізді сақтап, сандық картамен байланысты барлық бағдарламаларды жабыңыз.

📝 **ЕСКЕРІМ:** Деректер тасымалын тоқтату үшін, амалдық жүйенің көшіру терезесінде **Отмена** (Болдырмау) түймешігін басыңыз.

Сандық картаны шығарып алу үшін:


1. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Безопасное извлечения оборудования и носителей данных** (Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару) белгішесін нұқыңыз.

📝 **ЕСКЕРІМ:** Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару белгішесін көрсету үшін, **Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін (көрсеткі хабарландыру аймағының сол жағында болады) нұқыңыз.

2. Тізімдегі сандық картаның атауын нұқыңыз.

📝 **ЕСКЕРІМ:** Аппараттық құралды шығарып алу қауіпсіз екендігі ескертіледі.

3. Сандық картаны басып (1), картаны ұясынан шығарып алыңыз (2).



8 Жад модулін қосу немесе ауыстыру

Компьютерде оның астыңғы жағында орналасқан бір жад модулінің бөлімі болады. Компьютердің жадылық сыйымдылығын бос кеңейту жад модулінің ұясына жад модулін қосу немесе бастапқы жад модулінің ұясындағы бар жад модулін жетілдіру арқылы кеңейтуге болады.


- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток ұру немесе жабдықтық зақымдалу қатерін азайту үшін, қуат сымын ажыратып, жад модулін орнатпастан бұрын, барлық батареяларды шығарып алыңыз.
- △ **ЕСКЕРТУ:** Электростатикалық ток соғу (ESD) электроникалық бөліктерді зақымдауы мүмкін. Қандай да бір іс ретін бастамастан бұрын, жерге орнатылған нысанды түрту арқылы бойыңызда тұрақты электр тогының жоқтығын тексеріңіз.
- 📝 **ЕСКЕРІМ:** Екінші жад модулін қосқанда, қос арна теңшелімін пайдалану үшін, екі жад модулінің бірдей сыйымдылықта болуын тексеріңіз.

Жад модулін қосу немесе ауыстыру үшін:

1. Жұмысыңызды сақтаңыз.
2. Компьютерді өшіріп, дисплейді жабыңыз.

Егер компьютердің өшірулі немесе күту күйінде тұрғандығына сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді өшіріңіз. Одан кейін компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.
3. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
4. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан суырыңыз.
5. Компьютерді қатты жерде төңкеріңіз.
6. Компьютерден батареяны шығарып алыңыз.
7. 3 жад модулі бөлімінің бұрандаларын босатыңыз **(1)**.

8. Жад модулі бөлімінің қақпағын компьютерден алыс көтеріңіз (2).




9. Егер жад модулін ауыстырып жатсаңыз, бар жад модулін алып тастаңыз:

- a. Ұстап тұратын қыстырғыштарды жад модулінің жиектерінен (1) тартып алыңыз.

Жад модулінің бұрыштарын жоғары қаратыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз.

- b. Жад модулінің жиектерінен ұстап(2), оны ұясынан сыртқа жайлап тартыңыз.




- c. Шығарғаннан кейін жад модулін қорғау үшін, оны электростатикалық ток болмайтын контейнерге салыңыз.


10. Жад модулін енгізу

△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз және жад модулін қисайтпаңыз.

- a. Жад модулінің түйіскен жиектерін **(1)** жад модулі ұясының құлақшасына туралаңыз.
- b. Жад модулі бөлімінің бетінен 45 градус бұрыштағы жад модулімен модульді **(2)** жад модулінің ұясына орныққанша басыңыз.
- c. Жад модулінің сол және оң жақ жиектеріне қысым бере отырып, жад модулін **(3)** төмен қарай жайлап, ұстап тұратын қыстырғыштар орнына түскенше, басыңыз.



11. Жад модулі бөлімінің қақпағындағы ілгектерді **(1)** компьютердегі кетіктерге туралаңыз.
12. Қақпақты жабыңыз **(2)**.
13. 3 жад модулі бөлімінің бұрандаларын қатайтыңыз **(3)**.



14. Батареяны орнына салыңыз.
15. Компьютерді жоғары қаратып, сыртқы қуатты және сыртқы құрылғыларды қайта қосыңыз.
16. Компьютерді қосыңыз.


9 Қауіпсіздік

Компьютерді қорғау

Windows амалдық жүйесі және Windows емес орнату утилитасы арқылы берілген стандартты қауіпсіздік мүмкіндіктері жеке параметрлеріңізде және деректерді әртүрлі қауіптерден қорғайды.

Төмендегі мүмкіндіктерді пайдалану үшін нұсқаудағы үрдістерді орындаңыз:

- Құпия сөздер
- Вирусқа қарсы бағдарламалық құрал
- Қалқан бағдарламалық құралы
- Критикалық қауіпсіздік жаңартулары
- Қосымша қауіпсіздік кабелі

 **ЕСКЕРІМ:** Қауіпсіздік шешімдері қорғаныс шаралары ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ олар бағдарламалық құрал шабуылдарынан немесе компьютерге күтімсіз қарау не оны ұрланудан қорғамайды.

ЕСКЕРІМ: Компьютерді жөндеуге жібермес бұрын, барлық құпия сөз параметрлерін өшіріңіз.

Компьютер қауіпі	Қауіпсіздік мүмкіндігі
Компьютерді рұқсатсыз қолдану	<ul style="list-style-type: none">• QuickLock• Қосылғандағы құпия сөз
Компьютер вирустары	Norton Internet Security бағдарламалық құралы
Деректерге рұқсатсыз кіру	<ul style="list-style-type: none">• Қалқан бағдарламалық құралы• Windows жаңартулары
Орнату утилитасы, BIOS параметрлері және басқа жүйені анықтау ақпаратына рұқсатсыз кіру	Әкімші құпия сөзі
Бар немесе келешек компьютерге төнетін қауіптер	Microsoft компаниясынан критикалық қауіпсіз жаңартулары
Windows пайдаланушы есептік жазбасын рұқсатсыз пайдалану	Пайдаланушы құпия сөзі
Компьютерді рұқсатсыз қозғау	Қауіпсіздік кабелінің ұясы (қосымша қауіпсіздік кабелімен бірге қолданылады)

Құпия сөздерді пайдалану

Құпия сөз — компьютер ақпаратын қорғау үшін таңдалатын таңбалардың тобы. Ақпаратқа кіруді басқарудың жолына байланысты құпия сөздердің бірнеше түрлері орнатылуы мүмкін. Құпия сөздер компьютерде алдын ала орнатылған Windows немесе Windows емес орнату утилитасында орнатылады.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Компьютердің құлыпталуын болдырмау үшін, орнатылған әрбір құпия сөзді жазыңыз. Көптеген құпия сөздер олар орнатылған, өзгертілген, жойылған күйде көрсетіледі, әрбір құпия сөзді жедел жазып алып, қауіпсіз жерде сақтау маңызды.

Бірдей құпия сөзді орнату утилитасы мүмкіндігіне және Windows қауіпсіздік мүмкіндігіне пайдалануға болады. Бірдей құпия сөзді бірнеше орнату утилитасы мүмкіндігіне пайдалануға болады.

Орнату утилитасында құпия сөзді орнату кезінде төмендегі нұсқауларды пайдаланыңыз:

- Құпия сөз кез келген сегіз әріптің және санның тіркесімі және регистрді ескеру болу қажет.
- Егер құпия сөз орнату утилитасы болса, орнату утилитасы сұрауы бойынша құпия сөзді енгізу қажет. Егер құпия сөз Windows жүйесіне орнатылған болса, Windows сұрауы бойынша құпия сөзді енгізу қажет.

Құпия сөздерді жасау және сақтау үшін төмендегі кеңестерді пайдаланыңыз:

- Құпия сөздерді жасаған кезде, бағдарлама арқылы орнатылған талаптарды орындаңыз.
- Құпия сөздерді жазып алып, оларды компьютерден алыс қауіпсіз жерге сақтаңыз.
- Құпия сөздерді компьютердегі файлда сақтамаңыз.
- Басқа адам арқылы оңай табылатын атыңызды немесе басқа жеке мәліметтерді пайдаланбаңыз.

Төмендегі бөлімдер Windows және орнату утилитасы құпия сөздерін тізімдейді және олардың жұмысын сипаттайды. Экранды қорғағыш сияқты Windows құпия сөздері туралы қосымша ақпаратты алу үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау)** тармақтарын таңдаңыз.

Windows жүйесінде құпия сөздерді орнату

Құпия сөз	Функция
Әкімші құпия сөзі	Компьютер мазмұнына әкімші деңгейінде кіруді қорғайды. ЕСКЕРІМ: Осы құпия сөзді орнату утилитасы мазмұнына кіру үшін пайдалануға болмайды.
Пайдаланушы құпия сөзі	Windows пайдаланушы есептік жазбасына кіруді қорғайды. Бұл сондай-ақ, компьютер мазмұнына кіруді қорғайды және ұйқы күйі немесе күту күйінен шыққан кезде енгізілуі қажет.

Орнату утилитасына құпия сөздерді орнату

Құпия сөз	Функция
Әкімші құпия сөзі*	<ul style="list-style-type: none">• Орнату утилитасына кіруді қорғайды.• Құпия сөз орнатылғаннан кейін, орнату утилитасына кірген әрбір уақытта құпия сөзді енгізу қажет. <p>ЕСКЕРТУ: Әкімші құпия сөзін ұмытып қалсаңыз, орнату утилитасына кіру мүмкін емес.</p>
Қосылғандағы құпия сөз*	<ul style="list-style-type: none">• Компьютер мазмұнына кіруді қорғайды.• Құпия сөз орнатылғаннан кейін, компьютерді қосқан, компьютерді қайта іске қосқан немесе күту күйінен шыққан әрбір уақытта құпия сөзді енгізу қажет. <p>ЕСКЕРТУ: Қосылғандағы құпия сөзді ұмытып қалсаңыз, компьютерді қосу немесе қайта іске қосу немесе ұйқы күйінен шығу мүмкін болмайды.</p>

*Осы құпия сөздердің әрбірі туралы толық ақпаратты келесі бөлімдерден қараңыз.

Әкімші құпия сөзі

Әкімші құпия сөзі орнату утилитасындағы теңшелім параметрлерін және жүйені анықтау ақпаратын қорғайды. Осы құпия сөз орнатылғаннан кейін, орнату утилитасына кірген әрбір уақытта оны енгізу қажет.

Әкімші құпия сөзін Windows жүйесіне орнатылған әкімші құпия сөзімен алмастыруға болмайды немесе ол орнатылған, енгізілген, өзгертілген немесе жойылған күйде көрсетіледі. Құпия сөзді жазып алғаныңызды және қауіпсіз жерде сақтағаныңызды тексеріңіз.

Әкімші құпия сөзін басқару

Осы құпия сөзді орнату, өзгерту немесе жою үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. Орнату утилитасын компьютерді қосу немесе қайта бастау арқылы ашыңыз. «Press the ESC key for Startup Menu» ("Пуск" (Бастау) мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары экранның төменгі сол жақ бұрышында көрсетілгенде **f10** пернесін басыңыз.

– немесе –

Орнату утилитасын компьютерді қосу немесе қайта бастау арқылы ашыңыз. «Press the ESC key for Startup Menu» ("Пуск" (Бастау) мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары экранның төменгі сол жақ бұрышында көрсетілгенде **esc** пернесін басыңыз. "Пуск" (Бастау) мәзірі бейнебетке шығарылғаннан кейін **f10** пернесін басыңыз.

2. **Безопасность** (Қауіпсіздік) > **Установить пароль администратора** (Әкімші құпия сөзін орнату) пәрменін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.
 - Әкімші құпия сөзін орнату үшін, құпия сөзіңізді **Введите новый пароль** (Жаңа құпия сөзді енгізіңіз) және **Подтвердите новый пароль** (Жаңа сөзді растаңыз) өрістеріне енгізіп, **enter** пернесін басыңыз.
 - Әкімші құпия сөзін өзгерту үшін, ағымдағы құпия сөзді **Введите текущий пароль** (Ағымдағы құпия сөздің енгізіңіз) өрісіне енгізіп, **Введите новый пароль** (Жаңа құпия сөзді енгізіңіз) және **Подтвердите новый пароль** (Жаңа құпия сөзді растаңыз) өрістеріне жаңа құпия сөзді енгізіп, **enter** пернесін басыңыз.
 - Әкімші құпия сөзін жою үшін, ағымдағы құпия сөзді **Введите пароль** (Құпия сөзді енгізіңіз) өрісіне енгізіп, **enter** пернесін төрт рет басыңыз.
3. Енгізілген өзгертулерді сақтау және Орнату утилитасынан шығу үшін, **Выйти** (Шығу) пәрменін таңдау мақсатында көрсеткі пернелерді пайдаланып, > **Выйти, сохранив изменения** (Өзгертулерді сақтап шығу) тапсырмасын таңдаңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

Әкімші құпия сөзін енгізу

Введите пароль (Құпия сөзді енгізіңіз) сұрауына әкімші құпия сөзін енгізіп, **enter** пернесін басыңыз. Әкімші құпия сөзін енгізудің үш сәтсіз әрекетінен кейін компьютерді қайта іске қосып, әрекетті қайта орындау қажет.

Қосылғандағы құпия сөз

Қосылғандағы құпия сөз компьютерді рұқсатсыз қолданудан қорғайды. Орнатылғаннан кейін, компьютерді қосқан, компьютерді қайта іске қосқан немесе күту күйінен шыққан әрбір уақытта құпия сөзді енгізу қажет. Қосылғандағы құпия сөз орнатылған, енгізілген, өзгертілген немесе жойылған күйде көрсетіледі.

Қосылғандағы құпия сөзді басқару

Осы құпия сөзді орнату, өзгерту немесе жою үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. Орнату утилитасын компьютерді қосу немесе қайта бастау арқылы ашыңыз. «Press the ESC key for Startup Menu» ("Пуск" (Бастау) мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары экранның төменгі сол жақ бұрышында көрсетілгенде **f10** пернесін басыңыз.

– немесе –

Орнату утилитасын компьютерді қосу немесе қайта бастау арқылы ашыңыз. «Press the ESC key for Startup Menu» ("Пуск" (Бастау) мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары экранның төменгі сол жақ бұрышында көрсетілгенде **esc** пернесін басыңыз. "Пуск" (Бастау) мәзірі бейнебетке шығарылғаннан кейін **f10** пернесін басыңыз.

2. **Безопасность (Қауіпсіздік) > Установить пароль при включении питания** (Қосылғандағы құпия сөзді орнату) пәрменін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.

